БЕЙСЕНБІ №15 (4409)
8.02.2024

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

4 870202 250024

ҮКІМЕТКЕ БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы жиында былтыр атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңнің басты міндеттері айқындалатынын атап өтті.

– Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Бірақ қазір жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат баршаңызға белгілі. Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Яғни, нақты меже бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар, халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, батыл әрекет ету керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болғаны жөн. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі экономикалық ахуалға қатысты бірқатар нақты міндетке тоқталды.

(Жалғасы 2-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Асат Болатұлы Нұрпейісов Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкімімен Бақыт Үрістемұлы Әбілдинов Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының орынбасары лауазымына тағайындалды.

ҮРЕЙДІ СЕЙІЛТІП, ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

6 БЕТ



ТЫҢ БАСТАМАЛАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

7 БЕТ

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ӘДІЛ БӨЛІНУГЕ ТИІС

Елімізде азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету жүйесі қайта қаралады. Мемлекеттен көмек алу үшін табысын әдейі азайтып көрсететіндерге бұдан былай жол берілмейді. Қаражат шын мұқтаж жанның қалтасына түсуге тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлеуметтік сала мәселелеріне айрықша мән берілді. Президент азаматтарға әлеуметтік көмек пен қолдау құрылымдары және механизмдерін толық қайта қарау қажет екенін атап көрсетті.

Елімізде қазір төрт жарым миллионға жуық қазақстандық мемлекеттен әлеуметтік көмек алып отыр. Бұл – шамамен еліміздің әрбір бесінші тұрғыны деген сөз. Басым көпшілігі – еңбекке жарамды азаматтар.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, былтыр 114,1 мың отбасындағы 598,4 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) беріліпті. Ол үшін бюджеттен 57,4 млрд теңге жұмсалған. Ал 2024 жылы АӘК төлеуге 75,9 млрд теңге қарастырылып отыр.

5 ▸▸

БОКСТЫҢ БАСЫНАН БҰЛТ АРЫЛА МА?



Бұл апта біз күтпеген ірі ауыс-түйіспен басталды. Дүйсенбі күні Қазақстан бокс федерациясына жаңа басшы келді. 33 жастағы Шахмұрат Мүтәліп осы ұйымды төрт жыл басқарған Кеңес Рақышевты алмастырды. Олимпиадаға аз қалғанда мұндай қадамды күтпегеніміз анық. Бірақ соңғы кезде басынан бұлт арылмаған отандық бокста әйтеуір бір өзгерістің болары анық еді. AIQYN тілшісі еліміздегі ең танымал спорт түрінің басы-қасында болған жағдайды бағамдап көрді.

8 ▸▸

Сіз не дейсіз?

Ұлықбек ТҰМАШИНОВ,
***Мәжіліс депутаты*:**

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМЫМАЙ, МЕМЛЕКЕТ ӨРКЕНДЕМЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел экономикасын дамытуға қатысты көптеген өзекті ойлар сөз болды. Соның бірі – инфрақұрылымды дамыту. Газетіміздің «Сіз не дейсіз?» айдарында Мәжіліс депутаты Ұлықбек Тұмашиновтан аталған мәселеге қатысты ойын білуге тырыстық.

(Жалғасы 4-бетте)

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫ АҚСАП ЖАТЫР

Тұрғындарының басым бөлігі ауылдық жерде тұратын Жетісу облысы экономикасының басты тірегі, тұрғылықты халықтың арқасүйер саласының бірі әрі бірегейі – мал шаруашылығы екені айдан анық. Тірлігінің бір тінін төрт түлікке байлап отыратын жұрттың айтуынша, облыста ветеринария қызметі өте нашар.

7 ▸▸

ҮКІМЕТКЕ БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

– Бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Соңғы бес жыл ішінде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асып кетті. Сондықтан бюджетті тиімді басқару және оның өлшемдерін неғұрлым дұрыс болжау Үкіметтің алдында тұрған басты міндет болып қала береді. Қаржы министрлігі былтырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындағаны белгілі. 600 миллиард теңге көлемінде қосылған құн салығын қайтару уақытша тоқтатылды. Демек, бюджет мәселелері бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешілді. Әлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – бюджетті бөлу тәртібі. Ол экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталмаған. Қаражат күнделікті мәселелерді шешуге жұмсалады, стратегиялық мақсаттар соның көлеңкесінде қалады. Үкімет шығыстардың экономикалық пайдасы барынша жоғары болуына баса мән бере отырып, оның нақты басымдықтарын айқындауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір жаңа Салық кодексі әзірленіп жатқанын мәлімдеді. Бұл құжат инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында көкейге қонымды теңгерімді қамтамасыз етуі керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет жаңа инвестициялық кезеңді бастауға тиіс екенін айтты. Ол негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азайып бара жатқанына назар аударды. Басқаша айтқанда, экономикаға жеткілікті қаражат салынбай жатыр. Соның салдарынан алдағы жылдары елдің даму қарқынын сақтап тұрудың өзі қиын болуы мүмкін.

– Ішкі және сыртқы инвестицияны айтарлықтай көбейту керек. Бұл – жаңадан құрылған Инвестициялық штабтың негізгі міндеті. Штаб елге инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйе қалыптастыруы керек. Даму институттарының жұмысын жандандырып, бизнес өкілдерімен тиімді диалог жүргізуге тиіс. Шетелдегі мекемелердің, орталық пен аймақтардың арасында тығыз байланыс орнату қажет. Ең бастысы, Инвестициялық штаб қажетті шешімді дер кезінде қабылдауы керек. Мекеме басшыларының шетелге жасаған әрбір іссапары нақты нәтиже беруге тиіс. Сапар қорытындысы бойынша Үкімет басшылығына, қажет болған жағдайда Президентке есеп берілуі керек. Инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты кедергілер, әсіресе аймақтарда жиі болып тұрады. Әкімдер инвестиция тартудың орнына ескі әдетке салып, бюджет қаражатына сеніп отырады. Аймаққа жеке инвестиция тарту әкімдердің ең басты міндетінің бірі болуы керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жарты жылдың нәтижесі бойынша Инвестициялық штабтың жұмысы қорытындыланатынын айтты. Әрбір министр мен әкімнің осы бағытта атқарған жұмысына нақты баға беріледі.

– Талап қатаң болады. Елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару инвестицияның тағы бір қайнар көзі болуға тиіс. Мен бұл шаруаның бағыт-бағдары туралы бірнеше рет айтқан болатынмын. Бизнес өкілдерімен кездесулерде де осы мәселеге тоқталдым. Уәкілетті құрылымдар жұмысты жандандыруы керек. Түскен қаражатты еліміз үшін маңызы зор жобаларды жүзеге асыруға пайдалану қажет. Алайда бұл істе құқық қорғау органдары жүгенсіздікке жол бермеуге тиіс. Тағы да ескертемін, «шаш ал десе, бас алып», асыра сілтемеу керек. Мен мұндай жөнсіз әрекеттің қай-қайсысын да қатаң айыптаймын. Бұл жұмыстың әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша мәні бар. Маңызды экономикалық міндетті орындауды көздейтін осы бастаманы ешкімнің жоққа шығаруына жол берілмейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау тағы бір маңызды міндет ретінде айқындалды. Бұл жұмыс инвестиция тарту және бюджет қаражатын тиімді пайдалану ісіндегі реформалармен барынша үйлесіп, оны толықтыра түсуге тиіс.

> *Мемлекеттік аппарат барынша тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі керек. Қағазбастылық, көзбояушылық дегенді доғару қажет. Осындай жағымсыз үдерістердің кесірінен жұрттың реформаға және Әділетті Қазақстанға деген сенімі азаяды. Жоғарыдан тапсырма берілгенін, азаматтардан арыз түскенін немесе жағдайдың нашарлап кеткенін күтіп отырмау керек. Бастама көтеріп, дербес жұмыс істей білу қажет.*

– Қазір құрылыс саласында сараптама жасауды мемлекеттің иелігіне қайтару мәселесі қызу талқыланып жатыр. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет. Құрылыс сапасына жасалатын бақылауды міндетті түрде күшейту керек. Бұл – анық дүние. Алайда мемлекет осы нарықты түгел иемденіп алмауы қажет. Шынайы бәсеке болуға тиіс. Үкімет барлық тараптың мүддесін ескеруі керек. Бұл салада үлескерлік құрылысқа, ғимараттардың заңсыз әрі орынсыз салынуына, мүлік иелерінің бірлестігін реформалауға қатысты қордаланған мәселелер бар. Азаматтар үнемі шағымданып жатады. Алайда құзырлы органдар әлі күнге дейін тиісті шара қолданбай отыр. Үкімет бұл мәселе бойынша жыл соңына дейін нақты шешім қабылдауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұған қоса, Президент экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін айтты. Бұл – мемлекеттің экономикалық үдерістерге шамадан тыс араласуынан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік беретін өте маңызды реформа.

– Бұлар – экономиканың барлық саласына қатысты маңызды міндеттер. Бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлуді, бәсекенің заңсыз тәсілдерін қолдануды түбірімен жою қажет. Жекешелендіру тиімді жүргізілген жағдайда ғана экономиканың барынша еркін дамуына жол ашылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үкіметке мемлекеттік меншік тізілімін қайта қарау және жекешелендіру үдерісінің әдіс-тәсілін нақтылау, сондай-ақ Стратегиялық жоспарлау және реформалар, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерімен бірлесе отырып, бір ай ішінде Экономиканы ырықтандыру (либерализация) туралы Жарлықты әзірлеу жөнінде тапсырма берілді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздегі өндірістің дамуына тың серпін беруді талап етті.

– Баршаға түсінікті және тиімді индустрия саясатын жүргізу үшін былтыр жеке министрлік құрылды. Содан бері біраз уақыт өтті, енді жұмыстың нәтижесін көрсету керек. Министрлік саланың даму бағдарын анықтап, инвесторларға жол көрсетуі керек. Озық технологияны қолданатын жаңа өндірістер ашу қажет. Алайда нақты шаралар мен әдіс-тәсілдер дайын емес. Өндірістің дамуына серпін беретін жобалардың тізімі бар. Дегенмен бұл жұмыс та толық аяқталмаған. Бұл өндірістер экономика құрылымын өзгертуге, еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалауға және технологиялық өсімді қамтамасыз етуге тиіс. Әзірге мұның ешқайсысы іске асқан жоқ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тағы бір маңызды міндет – агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану.

– Ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған кедергілерді бәріміз білеміз. Басты түйткіл – жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егіннің бітік және еңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырады. Сондықтан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден қаражат тартқан жөн. Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Үкімет агроөнеркәсіп кешенінің шикізаттық бағытынан ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ісіне көшуге айрықша көңіл бөлгені жөн. Сондай-ақ Мемлекет басшысы су үнемдейтін технологияларды кеңінен қолданысқа енгізудің маңызына тоқталды. Оның айтуынша, бүкіл ел болып суды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Елімізде су тым орынсыз жұмсалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Оның айтуынша, елді мекендердің тыныс-тіршілігіне қажетті барлық жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – Үкімет пен әкімдіктердің негізгі міндетінің бірі.

– Жыл сайын жылыту маусымында сол бір проблемалар қайталана береді. Мемлекеттік органдар қателіктер мен олқылықтардан сабақ алмайды. Соның кесірінен осы сала қазіргі мүшкіл халге жетіп отыр. Алматыдағы екінші жылу электр орталығындағы бу-газ қондырғысының құрылысы созылып кетті.

Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің энергоблогын қалпына келтіре алмай жүргенімізге он жылдан асты. Сондай-ақ Екібастұздағы екінші ГРЭС-ті кеңейту және күрделі жөндеу жобасы уақытылы жүзеге асырылмай жатыр. Үкімет, ең алдымен, биыл апатты жағдайдағы 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға тиіс. Сонымен қатар қуаты 700 мегаваттан асатын қосымша қуат көзімен қамтамасыз ету керек. Белгіленген мерзімді шегеруге болмайды. Жалпы, еліміз электр, жылу, су өндіру және жеткізу қуатының тапшылығын сезініп отырғаны жасырын емес, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкіметке елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым нысандарын қайта қалпына келтіріп, дамыту үшін нақты кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды. Сондай-ақ еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру үшін жұмысты жандандыру қажет екенін атап өтті. Биыл бірінші жартыжылдықта теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қамтитын бағдарламалық құжат қабылдау міндеті жүктелді.

– Келесі – автожол мәселесі. Еліміз үшін айрықша маңызды «Астана – Балқаш – Алматы» тасжолы әлі күнге дейін жөнделіп біткен жоқ. Құрылыс 2017 жылдан бері жүріп жатыр. Республикалық маңызы бар «Атырау – Астрахань», «Ақтөбе – Қандыағаш», «Талдықорған – Өскемен» жолдарының жөнделіп жатқанына 5 жылдан асты. Биыл осы жұмыстар біржола аяқталуға тиіс. Жалпы, жол мәселесіне келгенде бір ғана мақсат болуға тиіс. Республикалық немесе аймақтық жол болсын, еліміздегі жолдың бәрі сапалы болуы керек. Әзірге жағдай мәз емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент экономиканы цифрландыру ісін жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану аса маңызды екенін еске салды. Президент Мемлекеттік және қаржы қызметтерін цифрландыру ісінде айтарлықтай табысқа қол жеткізілгенін айта келе, еліміз қуаты күшті суперкомпьютер құруға кіріскенін мәлімдеді. Ол ғалымдарға ғана емес, сонымен қатар біздің нарықта жұмыс істейтін түрлі компанияларға да қолжетімді болады.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлеуметтік сала мәселелеріне айрықша мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарға әлеуметтік көмек пен қолдау құрылымдары және механизмдерін толық қайта қарау қажет екенін айтты. Президенттің пікірінше, әлеуметтік көмектің тиімділігін арттырып, оның кімге және қалай берілетінін ойластыру керек. Сонда бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беруге мүмкіндік туады.

Денсаулық сақтау жүйесінде қордаланған мәселелер де назардан тыс қалмады.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінеді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес. Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс. Медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру қажет. Мемлекет кепілдік беретін медициналық қызмет оның базалық бөлігі болуға тиіс. Келесі бөлігі жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналарынан құралатын сақтандыру қаражаты есебінен жасақталуы керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» және «Жайлы мектеп» ұлттық жобаларын жүзеге асыруға кедергі болып отырған барлық мәселені дереу шешуді тапсырды.

– Экономикаға жаңа серпін беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен, инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Мемлекеттік аппарат барынша тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі керек. Қағазбастылық, көзбояушылық дегенді доғару қажет. Жоғарыдан тапсырма берілгенін, азаматтардан арыз түскенін немесе жағдайдың нашарлап кеткенін күтіп отырмау керек. Бастама көтеріп, дербес жұмыс істей білу қажет. Қазір Үкімет айрықша құзыретке ие болды. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Шұғыл түрде тиісті шешімдерді қабылдау қажет, – деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.

ШЕШУШІ ҚАДАМДАР ШҰҒЫЛ ЖАСАЛУҒА ТИІС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысына қатысты. Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстанды озық елге айналдыру қажеттігін айтып, бұл жай ұран емес, нақты жоспар екенін атап өтті.

– Бізге керегі – дамудың сара жолы. Сондықтан түбегейлі саяси реформалар жүргізумен қатар, еліміздің қоғамдық-экономикалық өмірінде терең өзгерістер жасау үшін батыл шаралар қабылдауымыз қажет. Ең бастысы, біздің барлық іс-әрекетіміз «Әділетті Қазақстан» құру қағидатына сай болуға тиіс. Алдымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатына жаңа серпін беру керек, яғни экономиканың барлық саласын дамыту, ынталандыру жолдары мен алдағы міндеттерді қайта қарау қажет. Түптеп келгенде, мемлекет енді үздіксіз қолдау шараларынан нағыз сапалы дамуға қолғабыс ету ісіне түбегейлі көшуі керек. Бұл жұмысты сөз жүзінде емес, іс жүзінде орындайтын уақыт жетті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Салық және Бюджет кодекстері, Мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ Мемлекет пен жекеменшік әріптестігі туралы заңнамалар мүлде жаңаша сипатқа ие болғанына назар аударып, мұның бәрі Жаңа экономикалық саясатты жүзеге асырудың мықты тірегі болуға тиіс екенін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымызда тариф саясатындағы кедергілерді жою, агросекторды қайта жандандыру, әлеуметтік саланы басқару мен қаржыландырудың тиімді тәсілдерін әзірлеу міндеті тұр.

– Бұл жерде, әрине, ең алдымен, Үкімет маңызды рөл атқаруға тиіс. Жаңа қарқынмен жұмыс істеу қажет. Маңызды шешімдерді шұғыл қабылдап, көп созбай, шешуші қадамдарды жасауы керек. Үкімет өз қызметінде кәсібилік, жауапкершілік, жеделдік және бастамашылдық сияқты қасиеттерді ұштастыруға тиіс. Үкімет экономиканы халқымыздың игілігі үшін ынталандыруға және әртараптандыруға бағытталған батыл әрі табанды шешімдер қабылдауы қажет. Бұл міндеттің маңызы зор және ол стратегиялық сипатқа ие, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, «AMANAT» партиясы Министр лауазымына тағайындауға келісу үшін Олжас Бектеновтің кандидатурасын ұсынды.

– Олжас Бектенов – тәжірибелі мемлекеттік қызметші. Оның Қазақстан экономикасы және басқа да салалар бойынша білімі мол, ұйымдастыру қабілеті жоғары, өзі – тәртіпті, адал, еңбекқор азамат. Сондықтан ел экономикасының алдында тұрған мақсаттарды жүзеге асыруға қабілеті жетеді деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT», ЖСДП, «Ақ жол», ҚХП, «Respublica», «Ауыл» партиялары фракцияларының жетекшілері сөз сөйледі. Содан кейін депутаттар Үкімет басшысының жаңа кандидатурасын дауысқа салды: 69 депутат қолдап, 7 халық қалаулысы қалыс қалды. Мемлекет басшысы Премьер-Министр лауазымына ұсынылған кандидатураны қолдағаны үшін Мәжіліс депутаттарына ризашылығын білдірді.

Жаңадан тағайындалған Премьер-Министр Олжас Бектенов сенім артқаны үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Парламент Мәжілісінің депутаттарына алғыс айтып, Үкіметке жүктелген міндеттерді атқаруға бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының Төрағасы:

ЭКОНОМИКАДА БАТЫЛ ӘРЕКЕТ КЕРЕК

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында былтырғы жұмысты қорытындылап, алдағы кезеңде әлеуметтік-экономикалық салада атқарылуға тиіс басты міндеттерді белгілеп берді.

Ең алдымен, еліміздің сапалы экономикалық дамуын және азаматтардың нақты табысының өсуін қамтамасыз ету қажет. Президентіміз атап өткендей, ол үшін мемлекеттік аппараттың жұмысы нақты нәтижеге бағытталуға тиіс. Сондай-ақ экономикада мұқият зерделенген, батыл әрекет керек.

Осыған орай Үкіметке бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру міндеті жүктеліп отыр. Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексін әзірлеу барысында инвесторларға және кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында теңгерім болу керегін атап өтті.

Сондай-ақ Президентіміз тиімді даму үшін экономиканы кешенді түрде ырықтандырудың маңызы зор екенін айтты. Мемлекеттің экономикалық үдерістерге шамадан тыс араласуынан бас тарту қажет. Бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлуді, бәсекенің заңсыз тәсілдерін қолдануды да жою керек.

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану мәселесіне де баса мән берді.

Алдағы уақытта ауыл шаруашылығын қаржыландыру дәйекті түрде артады. Жерді барынша тиімді пайдаланып, заманауи агротехнологияларды енгіземіз деген шаруаларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бұл ретте үш жыл ішінде агроөнеркәсіп саласындағы өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға жеткізу басты міндет екенін атап өткен жөн.

Аграрлық сала үшін су аса маңызды ресурс екені белгілі. Еліміздің оңтүстік өңірлерінде су тапшылығы өте өзекті мәселе. Сондықтан су үнемдеу технологиясын енгізу және суды көп қажет ететін дақылдарды азайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Бұл ретте шет мемлекеттердің озық тәжірибелерін зерделеп, елімізде суды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыру жолында іргелі істерді қолға алу қажет екені айтылды.

Сонымен қатар Президентіміз инфрақұрылымды дамыту саласында шұғыл шаралар қабылдау керек екеніне назар аударды. Бұл бағытта Үкіметтің алдында, бірінші кезекте, бұған дейін басталған жылу орталықтарын жаңғырту жұмыстарын аяқтау және қосымша қуат көзімен қамтамасыз ету міндеті тұр.

Еліміз бойынша республикалық маңызы бар жолдарды жөндеу жұмыстарын аяқтау және теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу де ерекше мәнге ие. Мұндай кешенді қадам Қазақстанды Еуразияның толыққанды көлік-логистикалық хабына айналдыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы маңызды бағыттардың бірі саналатын әлеуметтік саланы реформалауға да айрықша тоқталды.

Қазір республикалық бюджеттің жартысына жуығы аталған салаға бөлініп жатыр. Сондықтан мемлекет қаражатын жұмсаудың тиімділігі ерекше бақылауда болуы керек. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің жұмысын бақылау, халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру жөнінде де нақты тапсырмалар берілді.

Бүгінгі отырыста Президентіміз мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалауға арналған маңызды заңдар қабылдау керегін де атап өтті. Сенат депутаттары бұл бағыттағы тиісті заң жобаларын пысықтауға және Қала құрылысы кодексін әзірлеуге белсенді қатысады.

Осылайша, Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстан құру жолындағы кешенді реформаларды одан әрі іске асырудың басым бағыттарын белгілеп берді.

Бұл істе Сенат Үкіметпен конструктивті өзара іс-қимылды әрі қарай жалғастырып, Президентіміз жүктеген міндеттердің орындалуын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін тиісті жұмысты сапалы әрі уақытылы атқаратын болады.

БЕЛДІ БЕКЕМ БУАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысына қатысты. Осы жиын барысында еліміздің 2023 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары шығарылды. Алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер белгіленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасында және Қазақстан халқына Жолдауларында белгіленген ауқымды реформаларды іске асыру жалғасын тауып келеді. Жаңа заңнамалық нормалар күшіне енді, бірқатар ірі мемлекеттік бастаманы, соның ішінде «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобаларын іске асыру басталды. Осының бәрі Президенттің табанды және дәйекті түрдегі іс-қимылының нақты нәтижесі.

Мәжілісте сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қазақстанды озық елге айналдыру қажеттігін айтып, бұл жай ұран емес, нақты жоспар екенін атап өтті.

«Бізге керегі – дамудың сара жолы. Сондықтан түбегейлі саяси реформалар жүргізумен қатар, еліміздің қоғамдық-экономикалық өмірінде терең өзгерістер жасау үшін батыл шаралар қабылдауымыз қажет.

Ең бастысы, біздің барлық іс-әрекетіміз «Әділетті Қазақстан» құру қағидатына сай болуға тиіс. Алдымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатына жаңа серпін беру керек, яғни экономиканың барлық саласын дамыту, ынталандыру жолдары мен алдағы міндеттерді қайта қарау қажет. Түптеп келгенде, мемлекет енді үздіксіз қолдау шараларынан нағыз сапалы дамуға қолғабыс ету ісіне түбегейлі көшуі керек. Бұл жұмысты сөз жүзінде емес, іс жүзінде орындайтын уақыт жетті», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте бірқатар мәселені ортаға салудың жөні бар.

Бірінші. Елімізде барлық бастама Президент тарапынан шығып келеді. Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді жедел жүзеге асыру Үкіметке жүктеледі. Қанша қиын болғанымен, Үкімет дағдарысқа қарсы шараларды дер кезінде қолға алды. Былай қарағанда статистика тұрғысынан есептер мен көрсеткіштер ойдағыдай секілді болды. Соған қарамастан Президент Үкіметті доғарысқа жіберді. Мұның бір себебі қаржыландыру көбіне ұлттық қор есебінен жасалуы болса керек. Елдің сыртқы қарызы да біршама өсті. Бұл ішкі жалпы өнімнің 40 пайызын құрайды. Бір миллионнан астам адам кедейшілік деңгейінде өмір сүріп жатыр.

Екінші. Мемлекет басшысы Үкіметтің алдына ұлттық экономика көлемін 2 есеге арттырып, 450 млрд АҚШ долларына дейін жеткізу міндетін қойды. Бұл не деген сөз? Қазақстан экономикасы қазіргі жағдайды мәсе тұтып отырмауы керек. Алға басу үшін үлкен серпіліс қажет. Президент мұндай жойқын міндетті өз Жолдауында және Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында қадап тұрып айтты. Демек, алдын ала болжамдар мен нақты есептеу бар деген сөз. Мемлекет басшысы Үкіметті доғарысқа жіберу арқылы мұндай міндетті жүзеге асыру үшін орасан жұмыс пен терең жауапкершілік керек екенін алдын ала сезінген тәрізді. Үкімет тізгіні барынша шаруақор адамға ұстатылғаны да сондықтан.

Енді ұлттық экономика көлемін 2 есе арттыру дегенге келейік. Айтқанға жеңіл көрінгенімен, бұл оңай міндет емес. Жыл сайынғы тұрақты экономикалық өсімді кем дегенде 6 пайыз деңгейінде қамтамасыз ету үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Осындай ауқымды стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін ең алдымен өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды іске асыру өте маңызды.

Үкіметтің 2022 жылға арналған дағдарысқа қарсы шаралар жоспарының іс-шараларын бюджет қаржысын ұлттық қор есебінен толтыру арқылы жүзеге асқанын елдің бәрі көріп, біліп отыр.

Үшінші. Нақты сектор тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуі үшін нақты іс-қимыл жасау керек. Өңдеуші өнеркәсіп, құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларының даму қарқыны жалпы алғанда жаман емес сияқты. Бірақ еліміздің өнеркәсіп секторы өндірістің, оның ішінде өңдеу саласының негізгі локомотиві болуына мүмкіндік көп қой. Тұрақты инвестициялық белсенділік, оның ішінде шикізаттық емес секторларға инвестициялар тарту жедел экономикалық өсудің негізгі факторы болып есептеледі.

Төртінші. Ел экономикасының серпінді дамуға бағыт алғаны жақсы. Бұл бүгінгі геосаяси жағдайда оңай шаруа емес. Үйлесімді жұмыс пен тиімді үйлестіруді экономиканың барлық саласында қамтамасыз етпесе, қиын болады. Ішкі нарықты отандық тауарлармен толықтыруға және шикізаттық емес өнім көлемін ұлғайтуға барынша басымдық берілуге тиіс.

Шағын және орта бизнестің әлеуетін кеңейтіп, дамуға жағдай жасауымыз керек. Инвестициялардың құрылымын қосылған құны жоғары тауарларды өндіру жағына қарай ұлғайту қажет-ақ.

Бесінші. Азаматтардың табысын арттырып, сапалы жұмыс орындарын құру деген ең өзекті мәселе. Бұл осы уақытқа дейін қоғамды толғандырып отырған әлеуметтік-экономикалық мәселе. Осыған дейінгі он Үкімет осыны шеше алмай кетті...

Қазір заман күн сайын мың құбылып тұр. Сыртқы және ішкі параметрлердің жиі өзгеріп жатқанын білеміз. Осы тұста Қазақстан экономикасын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған үш сценарийі (базалық, оптимистік және пессимистік) әзірленгенін еске салған артық болмас.

Бұл туралы Ұлттық экономика министрі «Базалық сценарий кезінде мұнайдың орташа бағасын барреліне 85$ деңгейінде және АҚШ долларының есептік бағамын 470 теңге деңгейінде пайдалану ұсынылады. Осы сценарий бойынша жалпы ішкі өнімнің орташа жылдық нақты өсуі 3,9 пайызды құрайды, оның ішінде 2023 жылы – 4 пайыз. Оптимистік сценарий кезінде мұнайдың болжамды бағасы барреліне 110$, АҚШ долларының бағамы 440 теңге деңгейінде анықталды. Экономиканың орташа жылдық өсуі 4,2 пайыз деңгейінде болжануда. Пессимистік сценарийде мұнай бағасы барреліне 60$ және ЖІӨ-нің болжамды нақты өсуі орта есеппен 3,5 пайызды құрайды», — деп түсініктеме берген болатын.

Инфляция барлық сценарийде 2023 жылы 7,5-9,5 пайыз деңгейінде, 2024 жылы 4-5 пайыз деңгейінде, кейін 2025-2027 жылдары 3-4 пайызға дейін төмендейді деп белгіленді.

Сенат республикалық бюджет пен Ұлттық қордың келесі үшжылдыққа арналған параметрлерін қалыптастыру кезіндегі негізгі лейтмотив Мемлекет басшысының үнемді және жауапты бюджет саясаты тұжырымдамасын қамтамасыз ету қағидаттарына мұқият ден қойған еді. Соның арқасында 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері бюджет саясатының кіріс базасын толықтырудың жаңа көздерін жинақтау және бюджет шығыстарын әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырландыру бағдарын ескере отырып айқындалды. Республикалық бюджетке түсетін қосымша түсімдер кіріс базасын кеңейту және салықтық әкімшілендіруді жақсарту, сондай-ақ көлеңкелі экономиканың үлесін азайту бағытында Үкіметтің іс-қимыл жоспары дәйекті түрде жүзеге асырылуы қажет.

Сонымен қатар Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы әлеуметтік салаға айрықша назар аударды. Өз сөзінде Президент мемлекеттің әлеуметтік саясатын кеңінен қайта қарау қажет екенін айтты. Яғни, әлеуметтік көмектің тиімділігі мен атаулылығын арттыру, жұмыспен қамту орталықтарының басталған трансформациясын уақытылы аяқтау, барлық азамат үшін тең мүмкіндіктер жасау, азаматтарға көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын жақсарту, медициналық сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуін бақылауды күшейту, медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыру мәселелері кеңінен көтерілді.

Президенттің сынын ескере отырып, жаңа Министрлер кабинетінің алдында мемлекеттің әлеуметтік саясатын реформалау бойынша үлкен міндеттер тұрғанын түсіну керек. Атап айтқанда, әлеуметтік саладағы проблемаларды шешудің қолданыстағы тәсілдерін қайта қарау және Мемлекет басшысының алға қойған барлық міндетін іске асырудың жаңа тетіктерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Өз кезегінде Парламент алға қойылған міндеттердің заңнамалық шешімін қамтамасыз етуге тиіс.

Нұртөре ЖҮСІП,
Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы

Жаңа Қазақстанға бағыт түзегелі мемлекеттік активтерді түгендей бастадық. Бұл жұмыстар тіпті уақыт өткен сайын қарқын алып келеді. Соның бірі – «Трансферттік баға белгілеу туралы» заңның жаңарған нұсқасы. Бұл заң жобасы Мәжілістің жалпы отырысында екінші оқылымда қабылданып, Сенатқа жолданған болатын. Соған сай, осы заң жобасын қараған жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Әділ Жұбановпен сұхбаттасқан едік. Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі аталған өзгерістер ел экономикасына және қоғамға қалай әсер ететінін және оның халыққа қандай пайдасы бар екенін айтып берді.

Әділ ЖҰБАНОВ, *Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:*

ТРАНСФЕРТТІК БАҒА – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІСКЕРЛІКТІ РЕТТЕУ ҚҰРАЛЫ

– Әділ Орынбасарұлы, трансферттік баға дегеніміз не? Осыны қарапайым оқырманға түсініктірек етіп айтып беруге тырысайықшы?

– Трансферттік баға дегеніміз – екі тараптың мәмілелер жасау кезіндегі бағалар ауқымын ескере отырып өзара келіскен бағадан немесе объективті түрде қалыптасқан нарықтық бағадан ерекшеленетін баға. Ол тек халықаралық іскерлік операцияларға қатысты қолданылады. Мысалы, импорт пен экспортқа қатысты. Осы сауда-саттық кезіндегі бағаны мемлекеттік уәкілетті орган қадағалайды. Салықтан жалтарып жатқан жоқ па? Арзанға сатып жатқан жоқ па? Әлде қымбатқа алып жатқан жоқ па? Осы мәселелерді мұқият тексереді. Себебі қай бағамен сатты, сол бағамен салық төленеді ғой. Мәселен, алпауыт мұнай компанияларының Лондондағы биржада 50 долларға сатып жатқан мұнайының шын бағасы 100 доллар болуы мүмкін. Бұл – біздің мемлекетіміздің кірісі 50 пайыз азайды деген сөз. Сол сияқты импортқа қатысты да осыны айтуға болады. Ол 1 миллион доллардың дүниесін 10 миллион деп көрсетуі мүмкін. Неге? Капиталды сыртқа шығару үшін, бір. Екіншіден, оның қымбаттығын бұлдап, шығыны өтелгенше салықтай жеңілдік алу үшін. Бұл тұста мемлекет екі рет ұтылады. Аталған құжат соны болдырмауға арналған. Мұндағы негізгі мақсат үшеу: бұрыннан бар заңды жетілдіре түсу, активтерді елден шығаруға әрекеттенетіндерге бақылауды күшейту, мемлекеттің кірісін жоғалтуға жол бермеу. Бір сөзбен айтқанда, бұған дейінгідей емес, енді процестердің ашықтығы қамтамасыз етіледі. Бұл өзгерістер кәсіпкерлердің салықтан жалтару мақсатында қаржы мен есепті жасырмауы үшін қажет. Нақтырақ айтқанда, ол активтердің шетелге кетпеуі үшін бақылау шараларын күшейтуге бағытталған.

Осы мақсатта Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер енгізілетін болады. Ал қолданыстағы заңға трансферттік бағаға қатысты бес жаңашылдық енбек. Олар – заңға бұрын болған, бірақ 2019 жылы алынып тасталған, уәкілетті органға тауар биржаларында жасалған мәмілелерді бақылау функциясын қайтару, бағалардың нарықтық диапазонын жетілдіру, мәмілеге қатысушылардың «өзара байланысты тараптар» туралы анықтамасын кеңейту, үш деңгейлі есептілікке қойылатын талаптарды өзгерту және нарықтық бағаны айқындау әдістерін қолдануды жетілдіру.

– Бес жаңашылдықты тарқатпас бұрын «неге арзанға сатып, қымбатқа алуы мүмкін?» деген сұрақтың жауабын түсіндіре кетіңізші?

–Негізі, осы бес өзгерісте бәрі қамтылған. Бірақ қысқаша түсіндіре кетсем, бұл жерде барлығы олигархиямен байланысты. Өйткені халықаралық іскерлік субъектілері негізінен байлығы тасып жатқан дәулетті адамдар ғой. Міне, осындай бай адамдар байлығын сақтайтын қауіпсіз жер іздейді, оның сақталатынына кепілдік беретін оффшорларға тығып қойғанды қолай көреді. Ол үшін әуелі ол байлығын елден шығаруға керек қой. Ол үшін не істейді? Өзінің шетелдегі, нақтырақ оффшордағы компаниясына өндіріп отырған мұнай, тау-кен, металл сияқты пайдалы қазбаларын арзанға сатады, яки мемлекетке аз салық төлейді, мысалы кіріс салығы. Ал оны өз кезегінде әлгі компаниясы ары қарай қымбатқа сатып, үстіндегі табысын жинап қояды. Бұл экспорт. Импортта керісінше, миллион доллардың тауарын тағы да сол өз компаниясынан он миллионға алса, оның үстіндегі тоғыз миллион байлығы оффшорға жиналады. Міне, осындай қитұрқы әрекеттердің алдын алу керек.

Жаңашылдықтар осы тұстағы мемлекеттік уәкілетті органның құзыретін нығайтуға бағытталған. Ол үшін бірінші кезекте ол құзыретті оларға беру керек қой. Мәселен, тауар биржаларында жасалған мәмілелер 2019 жылға дейін бақылауда болған. Содан кейін алынып тасталған. Салдарында компаниялардың нарықтан төмен бағамен мәмілелер жасасқан фактілері тіркеліп отыр. Мысалы, 2019 жылы Қазақстанның сұйытылған газы мен астығы Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстанда нарықтық бағадан 10-25% төмен бағада сатылған. Қазақстанда кірістің көп бөлігі экспорттан түседі десек, бақылаудың жоқтығынан баж салығының түсімі ойлағаннан аз болды.

Енді екінші жаңашылдық – бағалардың нарықтық диапазонын жетілдіру дегенге келелік. Салықтан жалтару үшін кей кәсіпкерлер түрлі схема қолданады. Соның бірі жаңағы айтқан, 100 доллардың мұнайын 50 долларға сату мысалы. Осындай қитұрқылық болмас үшін салық салу жолы мен нарық бағасының диапазонын өзгерткен жөн деп шештік. Өйткені қолданыстағы заңда оның әдістемесі дұрыс емес. Енді өзгертілген нұсқада шығын есептеледі де, орташа пайда үшін салық салынады. Осылайша, оның диапазоны 25 пен 75%-дың ортасы болады. Ал бұрын оның диапазоны кең еді, яки кәсіпкердің шығынын жалпы табыстан алып тастап, салықты оның пайдасынан ғана алатын. Сондықтан мемлекетке аз кіріс түсетін.

–Үшінші жаңашылдықтағы «өзара байланысты тараптар» дегеніміз кімдер?

– Олар – сырттай дәлелдеу қиын, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты компаниялар, түпкі ортақ бенефециары бір адам. Мәселен, ірі салық төлеушілер, яки алпауыт компаниялар экспортталатын өнімді өткізерде оны жаңағы айтқандай, елден арзанға шығару үшін жасанды делдал құрылым құрады. Сырттай қарасаң, бір экспортер бір трейдерге үлкен көлемдегі өнімін сатып жатыр, араларында байланыс жоқ сияқты. Ал шындығында олар бір топтың компаниялары. Бірақ қазіргі заң бойынша оны дәлелдеу қиын. Трейдер туралы ақпарат қолжетімсіз. Енді заң жобасында «өзара байланысты тараптар» туралы анықтама кеңейтілгелі жатыр. Егер салық төлеуші тауарының 50%-дан астамын бір бейрезидентке экспорттаса немесе импорттаса, егер бір тұлға өнімінің бастапқы құнынан 50%-дан астам сомасында лицензиялық төлемді алса, егер контрагент алдындағы жалпы берешек борышкердің меншікті капиталының 50%-ынан асса және тағы да басқа жағдайларда салық төлеушілерге трейдерлерден қаржылық ақпаратты талап етуге заңды негіздер беріледі.

Енді үш деңгейлі есептілікке қойылатын талаптарды өзгерту дегенге келсек, трансферттік баға белгілеу бойынша есептіліктің жергілікті, негізгі және еларалық деген 3 түрі бар. Өзгерістер соның ішіндегі жергілікті есептілікті ұсынуға қатысты. Мұндай есепті жарғылық капиталында бейрезиденттердің үлесі бар халықаралық топқа жататын қазақстандық салық төлеушілер, яки құрылтайшыларының қатарында шетелдік азаматтар бар компаниялар береді. Мысалы, «Арселлор Миттал – Теміртау» АҚ сондай еді. Енді оны өзара байланысты бейрезидент тұлғалармен мәмілелерді жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер де тапсыратын болады. Былайша айтқанда, құрылтайшылардың құрамында шетел азаматы болса да, болмаса да міндетті. Бұл мемлекеттік кірістер органдарына қашықтықтан бақылауды жақсартуға мүмкіндік бермек. Жаңа заң жобасы жергілікті есептілікті тапсыратындардың қатарын көбейтпек. Мұндай бақылау жосықсыз кәсіпкерлерге жақпауы мүмкін. Себебі қитұрқы әрекеттерді іске асыру қиындайды. Алайда таза, салықты орнымен төлейтіндер үшін бұл жаңашылдық көп мүмкіндік береді.

– Бұдан бөлек, жаңа заң жобасы бойынша нарықтық бағаны айқындау әдістері де өзгереді екен. Ол қалай?

– Мәселен, қазір нарықтық бағаны айқындаудың арнайы 5 иерархиясы бар. Олар – салыстырымды бақыланбайтын баға әдісі, «шығындарға қосу» әдісі, кейіннен өткізу бағасы әдісі, пайданы бөлу әдісі, таза пайда әдісі. Қазір салық төлеуші 5-әдісті қолданғысы келсе, онда ол алдыңғы 4 әдісті не себепті қолдана алмайтыны туралы негіздеме дайындауы керек. Ал жаңа өзгерісте мұндай иерархия жоқ. Енді салық төлеуші 1-әдісті неге қолдана алмайтынын түсіндірсе, қалған 4 әдістің кез келгенін өз қалауымен қолдана алады. Соның көмегімен салық төлеушілер уақытын, қаражатын үнемдейді. Нәтижесінде, қызметкерлерге түсетін жүктеме де азаяды. Салық төлеушілер үшін бұл жақсы жаңалық болмақ. Мемлекеттік кірістер органы үшін де салық төлеушілердің негіздемелерін қарау уақыты үнемделеді.

Десе де, трансферттік баға белгілеу бойынша тексерулерді уәкілетті орган мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқуы анықтаған кезде, яки салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларының ұлғаюына алып келетін немесе алдағы уақытта алып келуі мүмкін жағдайларда ғана жүргізеді. Мәселен, соңғы 5 жылда осындай 101 салықтық тексеру жүргізіліп, нәтижесінде республикалық бюджетке 100 млрд теңге түскен. Ал одан бөлек мониторинг шеңберінде салық төлеушілер 60 млрд теңгеге жуық салықты дербес төлеген.

– Менің түсінуімше, бұл жерде уәкілетті органның құзыреттері артқалы отырған сияқты. Бәлкім, оны бөлек агенттік немесе бюро етіп құрған дұрыс болар?

– Осынау ауқымды да жауапты жұмыспен бізде Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне қарасты бір бөлім – Трансферттік баға белгілеу басқармасы ғана айналысады екен. Бізде қайдан түссе де мемлекетке түсетін кірісті жинайтын орган орталықтандырылған ғой. Сондықтан оны бөлек орган етіп құрғанның қаншалықты маңызды екенін ойлану керек болар. Бірақ, меніңше әзірге осы бөлімнің өзін нығайтып алсақ та болатын сияқты. Ол үшін ондағы штат санын көбейту керек. Еңбекақыларын көбейтіп, материалдық-техникалық базасын жақсарту қажет. Халықаралық дәрежеде жұмыс істейтіндіктен, кадр сапасын арттыру керек. Шет тілін жетік білетін, халықаралық іскерлік ортада тәжірибесі бар мамандарды тарту қажет. Өйткені жаңа заң күшіне енер болса, оларға да түсер жүктеме артады. Сондықтан оларды бөлек болмаса да, департамент деңгейіне көтерген дұрыс. Бұл енді Қаржы министрлігінің жаңа басшысының құлағына алтын сырға.

Ал әзірге біз осы заңмен олардың бақылау функцияларын кеңейтіп, құзыреттерін нығайтып жатырмыз. Соған керісінше, салықтан жалтарады-ау деген тұстарды тарылтып жатырмыз. Мұның барлығы осы бағытты терең зерделей түскенде анықталды. Шетелге заңсыз активтердің көптеп кетуіне бір кезде осы заңның әлсіздігі әсер етті. Енді заңда бақылау күшейтілсе, мұндай олқылықтардың алдын алуға болады. Заңның жаңартылған нұсқасы мемлекеттің де, салық төлеушінің де мүддесін көздейді.

Ал шындығында, бұл мәселенің түбірі – біздегі еліміздің, жеріміздің байлығының, мемлекеттік қаражаттың арқасында байыған дәулетті адамдардың ашкөздігінде жатыр. Әйтпесе, осының бәрін заңды түрде істеп, шартты түрде алғанда 100 миллион долларын шетелге шығарса, үстіндегі 20 миллионын салыққа төлеуіне болар еді. Бірақ «сараң байыған сайын қытымыр болады» деген сөз рас-ау. Олар мемлекеттің әл-ауқатынан бұрын өз қалтасын ойлап, неғұрлым арзан, анағұрлым қитұрқы жолдармен шығаруға тырысуда.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Нұрлан ҚОСАЙ

Сіз не дейсіз?

Ұлықбек ТҰМАШИНОВ, *Мәжіліс депутаты:*

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМЫМАЙ, МЕМЛЕКЕТ ӨРКЕНДЕМЕЙДІ

(Басы 1-бетте)

– Ұлықбек мырза, ел экономикасын дамытуға жаңаша көзқарас, жүйелі өзгеріс керек. Әсіресе, салық, инфрақұрылым мәселесіне тоқталып, бұл тұрғыда алда атқарылар жұмыс көп. Президент неліктен инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударып отыр деп ойлайсыз?

– Кез келген отбасын шағын мемлекет деп қарайтын болсақ, әр отбасы өз шығыны мен кірісін қадағалап отырады емес пе?! Қарапайым тілмен айтқанда, әр отбасы өз бюджетін өзі есептейді. Шығындар кіріске сәйкес келуі керек, егер асып кетсе, отбасы несиеге батып, қарыздарын қайтаруды уайымдап, дамуды мүлдем ойламайды. Сол секілді мемлекет те шығыны мен кірісін басты назарға алып отырады. Біздің мемлекетіміз түрлі шикізатқа бай, болашағы зор. Бірақ біз көп дүниені дұрыс жүйелей алмаған секілдіміз. Осыны Президент те айтты. Кейде маған «ескі Қазақстан» өкілдері әдейі өз елінің халқын қарыз құлдығына салудың амалын ойлап тапқандай көрінеді. Үкіметтен, ұлттық қордан қолдау тапқан банктер, пайыздық мөлшерлемені төмендетуді былай қойғанда, салықты да дұрыс төлемейді. Біз бұл банктердің қандай жүйемен жұмыс істейтінін жақсы білеміз. Енді еліміз дамысын десек, экономикамыз өркендесін десек, жүйелі жұмыстар атқарылуға тиіс. Мемлекет басшысы осыны меңзеп отыр.

– Отбасын мысалға келтіріп жақсы айттыңыз. Біздің мемлекетіміздің экономикасының дамуына не кедергі деп ойлайсыз?

– Елімізде, өкінішке қарай, облыстар мен аудандар мемлекет тарапынан берілетін субсидиялар мен қолдауларға үйреніп қалған. Елімізде қанша облыс субсидияланады? Санай беріңіз, үш аймақ қана донор болып отыр. Шығыс Қазақстан облысы «Қазмырыш», «Титан-магний комбинаты», «Үлбі металлургиялық зауыты» сияқты кәсіпорындары бола тұра неге субсидия алып отыр? Мысалы, онда титан, ядролық реакторларға арналған уран таблеткалары, мырыш, қорғасын және ең соңында алтын мен күміс өндіру субсидияланады. Бұл кімге пайда әкелмек? Мен әдетте халықпен кездесулер кезінде аудан әкімдерінен бюджеттің атқарылуы қандай, қанша салық түседі деп сұраймын. Сонда естіген жауабымды сұрасаңыз таңғаласыз. 90 пайызын мемлекет субсидиялайтын аймақтар бар. Тек 10 пайызы өзін-өзі, онда да негізгі төлемді мемлекеттік қызметкерлердің жалақысынан алатын табыс салығынан төлейді. Бұл жерде қарапайым математикамен қарайтын болсақ, аудан бюджеті төрт миллиард болатын болса, он пайызы, яғни төрт жүз миллионы – табыс салығы деген сөз. Яғни, жаңа кәсіпорындар ашылмайды, өнімдер өндірілмейді немесе қайта өңделмейді, жұмыс орындары көбеймейді. Осыдан келіп урбанизм мәселесі туындайды. Жұмыс жоқ, адамдар қалаға асығады, баспанаға кезекке таласады. Мұның барлығы инфрақұрылымның жоқтығынан. Соның салдарынан қарызға батып өмір сүріп жатырмыз.

– Инфақұрылым дамыту керек дейміз, неден бастағанымыз жөн?

– Бір ғана мысал келтірейін. Президент еліміздің көлік-логистикалық әлеуеті артқанын атап өтті. Қазақстанды толыққанды көліктік-логистикалық және транзиттік хабқа айналдыру – Үкімет алдында тұрған стратегиялық міндет. Іске асыру үшін Көлік министрлігі құрылды. Енді жол, көлік, логистика, шекара, транзит мәселелеріндегі кейбір олқылықтарды жоюымыз қажет. Мемлекетіміздің экономикасын дамытып, табыс көзіне айналатын саланың бірі – су жолын дамыту. Шығыс Қазақстан облысында Кеңес Үкіметі кезінде Ертіс өзені арқылы он миллион тоннаға дейін түрлі жүк тасымалданатын. Бұл – біз үшін өзен-кеме қатынасын қалпына келтіруге таптырмас мүмкіндік. Қытай Халық Республикасынан Ресей Федерациясына Ертіс өзені арқылы қысқа әрі арзан жолды қалпына келтіруіміз қажет. Сонда біз Солтүстік Мұзды мұхиты, Обь шығанағына дейін бүкіл Сібір аймағын қамти алатын едік. Елестетіп көріңізші, Қытайдан тауар әкелу үшін кемелер жарты әлемді, Солтүстік Мұзды мұхит арқылы жүреді. Алыстан келген мұндай тауарлардың құны қымбат болары сөзсіз. Бұқтырма, Өскемен, Жаңа-Шүлбі су электр стансаларын жөндеп, ретке келтірсек, Ертіс өзенінің кеме жүретін кеме жолын тазартамыз. Су тасымалы үш мың тоннаға дейін жететін кемелер жасауға тапсырыс береміз, одан қандай нәтиже аламыз? Яғни, жаңағы қымбатқа түскен тауарыңыз арзандайды деген сөз. Ал одан біздің мемлекетімізге түсетін пайда шаш етектен болар еді. Бұл мемлекетімізге қосымша табыс түсіріп, халықты жұмыспен қамтамасыз етеді. Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар облыстарының экономикасы жандана түсер еді. Мен Мемлекет басшысының тапсырмасын осылай түсінемін. Егер әр салада осындай жүйелі жұмыстар атқара алсақ, біз алмайтын асу болмайды. Инфрақұрылым дамымай, ел экономикасы өркендемейді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Наурызбек САРША

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА – ТҰРАҚТЫ ДАМУ ӨЗЕГІ

«AMANAT» партиясы алаңында әлеуметтік инклюзия бойынша ұлттық стандартты енгізу мәселесіне қатысты дөңгелек үстел өтті. Мәжіліс депутаттары, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдар өкілдері мүгедек адамдардың қажеттілігін ескере отырып, нысандар мен қызметтердің халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесін талқылады.

Сөз басында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Ерлан Әбдиев нысандар мен қызметтерді ерекше қажеттілігі бар адамдарға арнап бейімдеу мәселесінің өзектілігін ескере отырып, әлеуметтік инклюзия бойынша ұлттық стандартты енгізудің қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

«Бүгінде мүгедектігі бар адамдарға қалалар мен ауылды жерлердегі нысандардың қолжетімділігі, сондай-ақ оларға түрлі қызмет көрсету мәселесі өте өзекті. Көбіне әлеуметтік маңызы бар мекемелерде арбаға таңылған азаматтарға арналған лифт, пандус жоқ немесе олар стандартқа сай келмейді. Ал аулалар мен көшелерде бордюр арбамен жүруге кедергі келтіреді. Өкінішке қарай, ерекше қажеттілігі бар адамдарға ыңғайлы, жайлы әрі қауіпсіз жағдай жасалмаған. Сондықтан мүгедектігі бар адамдарды қоғамдық өмірге араластыру ісінде ұлттық стандартты енгізу мәселесі маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ бұл қадам барша азаматқа кедергісіз орта, жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді», – деді Ерлан Әбдиев.

Әлеуметтік инклюзия бойынша ұлттық стандарт Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бастамасымен әзірленді.

«Стандарт мүмкіндігі шектеулі жандардың қолайлы өмір сүруіне жағдай жасауды көздейтін жұмыстарды ұйымдастырудың кешенді әдісі саналады. Атап айтқанда, ол қаладағы, ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылым нысандары мен қызметтерінің барша азаматқа физикалық тұрғыда қолжетімді болуын талап етеді. Стандарт жергілікті атқарушы органдарға, халыққа қызмет көрсететін ұйымдарға арналып, олардың қызметін үйлестіруге қатысты талаптарды белгілейді. Сарапшылардың пікірінше, мүдделі тараптар мен мемлекеттік органдар толық қамтылған жағдайда бір жылда еліміздегі нысандардың 70%-ын бейімдеуге болады», – деді «ҚазСтандарт» РМК бас директорының орынбасары Искандер Хамитов.

Өз кезегінде «Еуразиялық инклюзивті қоғамды дамыту қауымдастығының» басшысы Вячеслав Пак қоғам белсенділері бірлесіп жұмыс істеуге толық дайын екенін жеткізді.

«Инклюзивті әрі жайлы әлеуметтік орта – қалалар мен өңірлердегі тұрақты дамудың өзегі. Бұл ұлттық стандарт қалалық әкімдіктер мен халыққа қызмет көрсететін ұйымдарда баршаға бірдей қолжетімді жағдай жасауға мүмкіндік береді. Стандартта түрлі құрылымның бірлесіп жұмыс істеуіне жағдай жасайтын жалпы ережелер, терминдер мен анықтамалар ұсынылып отыр. Солай бола тұра, ұлттық стандарт тез арада нәтижеге жетуді талап етпейді. Нысандардың 3 деңгейлі сапалы қолжетімділігі айқындалды. Бұл қадам әкімдіктерге және түрлі ұйымға, ғимарат иелеріне нысанды кезең-кезеңімен ұлттық стандарт нормаларына сай келтіруге мүмкіндік береді», – деді Вячеслав Пак.

Дөңгелек үстел жұмысына жергілікті атқарушы органдардың, атап айтқанда, елорда әкімдігі мен қала аудандарының өкілдері қатысты. Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімінің кеңесшісі Жанат Қабдолла инклюзия бойынша ұлттық стандартты енгізу мәселесіне қолдау білдіргенімен, оны тез арада жүзеге асыруға қатысты алаңдаушылық танытты.

«Стандартта қамтылған бірқатар талап бұрыннан бар болғанымен, нәтиже аз. Қаладағы нысандардың мүгедектігі бар адамдарға қолжетімсіздігі мәселесіне жиі тап боламын. Мәселен, арбамен жүріп өту үшін үй ауласындағы бордюрді алып тастауға қатысты өтініш білдіргеніме де бір айдың жүзі болды. Алайда әлі нәтиже жоқ. Мүлік иелерінің бірлестігі әкімдіктерге, ал әкімдіктер Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық басқармасына сілтейді. Ал уақыт болса, өтіп жатыр. Стандарт осы процестің барлығын жеделдетеді деп сенемін», – деді Жанат Қабдолла.

Отырыс барысында мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері стандартты енгізу мәселесіне қатысты пікір алмасып, бірлесіп жұмыс істеу жөнінде ұсыныс білдірді. Осылайша, әлеуметтік инклюзия бойынша ұлттық стандарт аясында ведомствоаралық ресурстық орталық құру жоспарлануда. Ол түрлі құрылымның бытыраңқылығы мәселесін шешуге ықпал етеді. Сондай-ақ инфрақұрылым нысандарының барша азаматқа қолжетімділігі мәселесін шешуге тың серпін береді.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ӘДІЛ БӨЛІНУГЕ ТИІС

Елімізде азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету жүйесі қайта қаралады. Мемлекеттен көмек алу үшін табысын әдейі азайтып көрсететіндерге бұдан былай жол берілмейді. Қаражат шын мұқтаж жанның қалтасына түсуге тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлеуметтік сала мәселелеріне айрықша мән берілді. Президент азаматтарға әлеуметтік көмек пен қолдау құрылымдары және механизмдерін толық қайта қарау қажет екенін атап көрсетті.

Елімізде қазір төрт жарым миллионға жуық қазақстандық мемлекеттен әлеуметтік көмек алып отыр. Бұл – шамамен еліміздің әрбір бесінші тұрғыны деген сөз. Басым көпшілігі – еңбекке жарамды азаматтар.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, былтыр 114,1 мың отбасындағы 598,4 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) беріліпті. Ол үшін бюджеттен 57,4 млрд теңге жұмсалған. Ал 2024 жылы АӘК төлеуге 75,9 млрд теңге қарастырылып отыр.

Дегенмен АӘК азаматтардың еңбек етуге деген ынтасын жойып, масылдыққа бой алдыруына да жол ашуы мүмкін. «Халыққа әлеуметтік көмек береміз деп, біз, шыны керек, қоғамда масылдық психологияға жол бердік. Өркениетті ел боламыз десек, мұндай жағымсыз үдеріске тосқауыл қоюымыз керек. Әлеуметтік салаға айрықша назар аударған жөн. Яғни, бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беру керек», – деді Қ.Тоқаев.

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Өмір сапасы орталығының директоры Нұрболат Құрметұлының айтуынша, қазір атаулы әлеуметтік көмек көрсетуде бірқатар олқылық бар. «Президент бұл мәселені жайдан жай қозғаған жоқ. Әлеуметтік көмек көрсетудің тетіктерін талдау барысында бұл бағытта біраз жұмыс істелуі керек екені анықталып отыр. Біріншіден, мұқтаж жандар арасында АӘК туралы ақпараттандырудың өзі нашар жүргізілген. Оны тағайындау немесе тоқтату процесінде де күрделілік бар. Осының кесірінен шын мұқтаж отбасылар әлеуметтік қолдау бағдарламаларына қатыса алмауда. Өйткені өзінің әлеуметтік әлсіз топқа жататынын дәлелдеу үшін азаматтар сансыз тексерістен өтеді, құжат жинастырады. Соңында қолын бір сілтеп бас тартатындар бар. Екіншіден, жеңіл табысқа ие болғысы келетін адамдар тобы пайда болды», – дейді ол.

Жеңіл табыс демекші, АӘК алу үшін «жалған құжат жасап, табысын жасырып көрсеткендер» бұдан бұрын да әшкере болған. 2019 жылы тамыз айында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «70 мыңдай отбасы табысын жасырғанын» мәлімдеген еді. Яғни, ай сайын 200-300 мың теңге (520-700 доллар) табыс табатын отбасылар кірісін 40-60 мың теңге (103-155 доллар) деп көрсеткен. Министрлік сол жолғы есебінде елде 1,8 миллион қазақстандық атаулы әлеуметтік көмек алып отырғанын айтқан.

> *Әлеуметтік салаға айрықша назар аударған жөн. Яғни, бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беру керек.*

Әлеуметтік көмек кімдерге берілуі керек? Күн көрісі қиындап, мемлекеттен қолдау күткен мұқтаж азаматтарды қалай анықтау болады? Қаржыгер Гимран Әбдірахманов оны ажыратудың үш жолы бар екенін айтады. «Біріншіден, әр азаматтың зейнетақы қорындағы айлық ақша түсімін қарау. Егер соңғы алты ай ішінде немесе бір жыл ішінде белгілі бір жарналар түсіп тұрса, еңбек нарығындағы белсенді азамат болса, ол мұқтаж емес деген сөз. Екіншіден, әлеуметтік көмекке өтініш берген азаматтың отбасы мүшелерінің жеке мүлкін тексеру арқылы өтініш берген адамның өз мүлкін туысының атына жаздырып қою әрекетін анықтауға болады. Үшіншіден, тек ақшалай көмек емес, адамдардың еңбек нарығындағы сұранысын арттыруға, жеке табысын көбейтуге ынталандыруға болады. Яғни, Қазақстанда қазір қандай қызмет түріне сұраныс бар? Азаматтарға кәсіп үйренуге, табыс табуға мүмкіндік жасау қажет», – дейді ол.

Ал Өмір сапасы орталығының директоры Нұрболат Құрметұлы да АӘК-ке өтінім берген азаматтардың материалдық ахуалын анықтау тәсілдерін жетілдіру қажет деген пікірде. Оның айтуынша, осы механизмнің пысықталмауынан жеңіл табысқа ие болғысы келетіндер де әлсіз топтардың арасына кіріп кетіп жатыр. «Ең бастысы әлеуметтік көмекті тағайындау барысындағы бюрократиялық процестерді қысқарту қажет. Оны қалай жасаймыз? Оған бақылауды күшейту және әлеуметтік көмек бағдарламаларын цифрландыру, өзара үйлестіру арқылы қол жеткізуге болады. Екіншіден, құзыретті органдар халықтың әлсіз топтарымен жұмысты күшейту арқылы олардың мемлекет тарапынан беріліп жатқан көмектерден хабардар болуына күш салу. Үшіншіден, инфляция жылдан жылға өсіп жатыр, азық-түлік пен тауарлар бағасы қымбаттап жатыр. Осыған сәйкес, кедейлікті анықтайтын шекті де көтеруге тиіспіз. Сол кезде ел ішіндегі нақты жағдайдан шынайы хабар ала аламыз».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлеуметтік көмекті кімге беру қажеттігі адамның кірісіне емес, шығысына қарап анықталуы тиіс екеніне тоқталды. Бұл мәселеде бір нақты шешім қабылдау қажет. «Қазір Еңбекпен қамту орталықтары жаңғыртылып жатыр. Осы жұмысты уақтылы аяқтау қажет. Оларға нақты нәтижесіне қарай, яғни жұмысқа орналасқан адам санына байланысты ақы төлеген жөн. Үкімет барлық амал-тәсілді зерделеп, халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа кешенді үлгісін ұсынуы керек», – деді Президент.

Мұқтаж азаматтарын қолдауда әр мемлекеттің тәжірибесі әрқалай. Қаржыгер маман Гимран Әбдірахмановтың айтуынша, АҚШ-та мұқтаж жандар өздерінің табысын, меншігіндегі мүлкін ешқашан жасырмайды. «АҚШ-тың кедейлерінде жалған ақпарат беру деген түсінік жоқ. Себебі ондай әрекет болашақта өзіне зиян келтіруі мүмкін деп ойлайды. Ал Қазақстанда ондай жасыру, жалған мәлімет беру ісіне қатысты жаза қарастырылмаған. Мүмкін Азаматтық кодексте осыған қатысты жауапкершілік қарастырған да дұрыс шығар. Сондай-ақ жұмысына салғырт қарап, «жалған мұқтаждыққа» мемлекеттік төлемді тағайындаған жауапты шенеунікке де шара қолдану қажет. Сол кезде бюджет қаражатын негізсіз жұмсаудан шенеунік те, жалған өтініш беріп көмек алудан мұқтаж емес азамат бас тартып, масылдықтан арылатын болады», – дейді ол.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы тағы бір маңызды міндетті атады. Ол – азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту. «Бұл – ең алдымен, денсаулық сақтау саласына қатысты мәселе» екенін айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болса да жағдай жақсармай отырғанын ескертті. «Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінеді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес. Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады», – деді Президент.

«Медициналық бұйымдар өндірушілерінің қауымдастығы» ЗТБ төрағасының орынбасары Эрик Байжүнісовтің ойынша МӘМС жұмысына қатысты халықтың наразылық пікірін азайту үшін қызмет сапасын күшейту қажет.

«Медициналық қызмет сапасын жақсарту көптеген кемшілікті жүйелі түрде түзетуді қажет етеді. Ол болашақ маман – студенттің жағдайынан бастап, жұмыстағы әр қызметкердің мәселесін шешу. Медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, стандартты жағдайға келтіру. Сондықтан Президент тапсырған кешенді мәселені шешу үшін берілген қаражатты мақсатты әрі тиімді түрде жұмсап, жұмыс жүргізсек саладағы сапаны жақсартуға толық мүмкіндік бар. Екіншіден, бюджеттен берілген қаражатты біз жұмыстың сапасына қарап емес, көлеміне, ауқымына қарап беріп жатырмыз. Бұл да үлкен мәселе. Әлемдік тәжірибе бойынша әр берілген қаржы көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапасына орай берілуі тиіс. Яғни, нәтиже сапасына төленуі қажет. Сол кезде қызмет көрсететін маман немесе медицина мекемесі де сапаға жұмыс істейтін болады. Біз шеше алмай келе жатқан ең басты проблема осы», – дейді маман.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев медицина инфрақұрылымын дамыту да өте маңызды міндет екені атап айтты. Президент «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша 655 нысан салу жоспарланғанымен іс жүзінде оның тек 85-і ашылғанын сынға алды. «Мұның бәрі жұмыстың тиімсіз жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Жобалық-сметалық құжаттар тым баяу әзірленді, құрылыс ұзаққа созылды немесе нысандардың құны қымбаттап кетті деген себептер айтылып жүр. Мұның қай-қайсысы да – құр сылтау» ,– деді Мемлекет басшысы.

Медицина саласының маманы Э.Байжүнісовтің пікірінше, жаңадан салынып жатқан медицина мекемелерінің құрылысының мерзімінен кешіктірілуіне бюрократтық кедергілер көп. Бұл құрылыс жұмысының сапасына да қатты әсер етеді. «Ауыл-аймақтар тұрғындарына осы заманға сай медициналық мекемелер салып беру өте қажет. Мемлекет беріп отырған осынау үлкен мүмкіндікті жаңағыдай қолдан жасалған кедергілер бөгейді. Сондықтан атқарушылық тәртіпті реттесек тапсырма да дер кезінде орындалады», – дейді ол.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын жүзеге асыруға кедергі болып отырған барлық мәселені дереу шешуді тапсырды.

Бауыржан БАЗАР

ҚОР БОЛҒАН ҚОРЫМ

Жер дауы мен жесір дауы ежелден қазақ үшін аса өзекті мәселе екені рас. Дегенмен қазір сол алғашқы даудың әбден шегіне жетіп, тіпті жарылудың алдында тұрғанын жиі байқап жүрміз. Халықтың төзімі мен амалы таусылып дағдарып тұрғандай. Жерінен мүлде айырылып, бар малын баға алмай зар илеп отырған шаруалар аз емес. Әсіресе, қара топырағы құнарлы әрі шұрайлы деп саналатын теріскей облыстарда түйткілді жайттың тоңы жібімей қойды. Соның ішінде бүгін қозғағалы отырған жайт, тіпті жан ауыртарлық. Жерді жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтың арқасында меншіктеп алған кейбір алпауыт латифундистердің ескі қорымды да жыртып тастағаны ауылдағы ағайынның жанына қатты батып тұр.

Жер дауымен жылдар бойы арпалысып келе жатқан ауылдардың бірі –Көкшетаудан таяқ тастам жердегі Зеренді ауданына қарасты Ортақ, Раздольный, Күсеп, Айғыржал деген бірнеше ауыл. Азғантай малымен күнелтіп жатқан бұл ауылдардың қазіргі күйі аса мәз емес. Қысы-жазы дала төсінде еркін кезетін жылқылары қолға келіп, жем-шөбі тақырланған ауылдарда шынымен жұт басталған. Ал оның үстіне жер дауының ушыққаны соншалық аса күрделі жағдай қалыптасып отыр. Түйткілді жайт әсіресе Ортақ ауылында аса өткір. Жерінен бұрын ауыл жұртының ата-бабасы жерленген қорымның жыртылып кеткені халықтың ашуы мен жанайқайын тудырған.

Ауыл ақсақалдарының айтуынша, ескі бейітте сонау 1931-1932 жылдардағы аштық кезінде қаза болғандар жерленген. Ортақ ауылының тап іргесінде жатқан ескі қорым сонау Кеңес заманының өзінде диқандар 100-200 метрге дейін айналып өтетін болған. Айналасы топырақпен тіктөртбұрыш түрінде үйілген қорын 10-12 шаршы метрді құрайды. Кеңес Үкіметі кезінде қорымның басында қойылған тасы мен темір қоршауы да болыпты. Алайда қорымның басына қойылған тасы мен темірі осыдан ондаған жыл бұрын ұрланып кеткен. Дегенмен күні бүгінге дейін ата-бабаларының мәйіті жерленген жердің сол күйінде сақталып келгенімен, жақында «Дихан плюс» ЖШС ол жерді жыртып тастаған. Ауылдың қызба мінезді жігіттері дереу барып, мәселені жуан жұдырық пен дойыр қамшының күшімен де шешпек болыпты. Бірақ ауыл ақсақалдары мен беделді азаматтарының айтуымен тоқтаған. Түйткілді мәселені заңның айналасында шешпек болған.

– Зиратты жыртып кеткені ауылдағы бар жігіттің намысына тиді. Ата-бабаларының жатқан жерін аяусыз жыртып кеткені жандарына батты. Жерді жыртқызған қазір аудандық мәслихатта депутат болып отырған Денис Швайбович деген кісі. Үш жылдан бері жеріміз үшін арпалысып жүрміз. Түйткілді мәселеге байланысты өз басым ауылдың азаматы ретінде адвокат тауып, қаржы беріп соттасып жатырмыз. Бірақ күні бүгінге дейін көршілес ауылдармен бірге жерді қайтара алмай жүрміз. Бұл өз алдына бөлек әңгіме. Бізді күйдіретіні – ата-бабамыз жатқан қорымды қорлағаны. Жер иесінің заң аясында жауапқа тартылғанын қалаймыз, – дейді Еркін Ғайсин есімді Ортақ ауылының белсенді азаматы.

Түйткілді мәселе бойынша облыстық құзырлы органдар, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі, «Дихан плюс» ЖШС-ы, аудан және округ әкімдіктері, облыстық тарихи мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығының өкілдері мен ауыл тұрғындарының қатысуымен арнайы комиссия келіп, зират басын шолып тексерген. Тексеру барысында расында да ескі қорымның жыртылғаны анықталған. Мұны Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшылығы да жерін даулаған ауылдардың адвокаты Ботагөз Сәрсекееваға берген ресми жауабында да растап беріпті.

– «Дихан плюс» ЖШС-ның тұрғындардың ата-бабаларының қабірлері жатқан жер учаскесін жырту фактісі бойынша былтырғы жылдың 15 қарашасында Зеренді ауданы Ауыл шаруашылығы бөлімі, Күсеп және Ортақ ауылдық округ әкімдері, «Дихан Плюс» өкілімен бірге комиссиялық шолу жасалды. Учаскеде биіктігі шамамен 1 метр төртбұрыш үйінді және 10 шаршы метр аумақты қоршалған жер бар. Ортақ ауылынан 3 шақырым қашықтықта орналасқан. Қандай да белгілер мен металл қоршаулары жоқ. Зеренді ауданы тіркеу және жер кадастрының ақпараты бойынша 1986 жылғы электронды форматтағы материалдар бойынша қабірлердің, жерлеу орындарының көрсетілген орны жоқ. Зеренді ауданы әкімдігі тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығына сұрау салған. 17 қарашадағы №105 актіге сәйкес «Дихан плюс» жер учаскелерінде тарихи-мәдени мұра ескерткіштері анықталған жоқ. Бірақ зерттеу барысында «Диқан плюс» ауыл шаруашылығы жерлерінің аумағында археологиялық ескерткіштер табылды. Оның ішінде Ортақ II, III,IV қорымдарында күзет аймақтары сақталмаған және қорған шетіне дейін жыртылған. Ортақ IV қорымдарының бірі жыртылғаны анықталды. Аталған №105 акті ауданның Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органымен қорғандарды қалпына келтіру және қорғау аймағын сақтау жөнінде шаралар қабылдау үшін «Дихан плюс» ЖШС-на жолданды, – делінген Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының берген ресми жауабында.

Ескі қорымның жыртылуы фактісі бойынша бірнеше сот отырыстары да болып, ақыры Зеренді аудандық полиция бөлімі осы жылдың 1 ақпанында Ортақ ауылы тұрғындарының шағымымен ескі қорымды жыртуы бойынша қылмыстық іс те қозғалған. Мұны Ақмола облысының Полиция департаменті де растады.

– Биыл 1 ақпанда Зеренді ауданы Ортақ ауылының тұрғындарының жер жырту кезінде ескі бейітті қорлап, жыртып кеткені үшін «Дихан плюс» шаруа қожалығының жұмысшыларына қатысты шара қабылдау туралы өтінішімен Қылмыстық кодекстің 294-бабы (вандализм) бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды, – деді Ақмола облысының Полиция департаментінен.

Қазір аталған баппен тергеу амалдары жүріп жатыр. Жоғарыда аталған ауылдар мұнымен қоса, 30 мың гектардан астам жерлерінен де айырылып, жайылымсыз әрі егістік жерсіз қалған. Тұтас республика бойынша бірыңғай бір-екі схемамен банктер мен ірі қаржылық ұйымдардың кепілдігіне кеткен жерлер одан кейін де түрлі жалтарма әрекеттермен «құрығы ұзындардың» қолына ілігіп кеткен. Салдарынан ұлтарақтай жерге зар болып жайылымсыз, шабындықсыз, сондай-ақ егістік жерінен айырылып, пайсыз қалған ауылдардың саны еселеп өскен. Түйткілді жағдайға тиісті орындар мен құқық қорғау органдары тиісті шешім шығарар деген үміттеміз...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Жалпы, жыл басталғалы бері елімізде 13 рет жер сілкінді. Қаңтардың аяқталуына бір апта қалған уақытта Алматыда болған жерасты дүмпулері төтенше жағдайлар саласының мұндай табиғи апаттарға дайын емес екенін көрсетті. Рас, Атырау сейсмологиялық аймаққа жатпайды. Бірақ ғасырдан астам уақыттан бері жер астынан мұнай өндіріп келе жатқан өңірде техногендік сипаттағы жер сілкінісі болуы ғажап емес. Қазір Атырау облысының сейсмологиялық картасы жасақталып жатыр.

АТЫРАУДА **ЖЕР СІЛКІНУІ** МҮМКІН БЕ?



Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиевтің айтуынша, бүгінде Сейсмология институтына өтінім дайындалуда. Сейсмологиялық карта қауіпті нүктелерді анықтау үшін қажет. Карта дайын болған соң сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін дайындық жұмыстары жүргізіледі.

«Біздің өңір сейсмологиялық қауіпті аймаққа жатпайды. Соған қарамастан облыс әкімінің тапсырмасына орай сейсмологиялық картаны, эвакуациялау пункттерін дайындау жұмыстарын қолға алуды жоспарлап отырмыз. Тұрғындарға мұндай пункттердің мекенжайы хабарланады. Өйткені өңір тұрғындары хабарландыруларды дер кезінде алуы керек», – дейді Жасұлан Бисембиев.

Сейсмикалық қауіп дегеннен шығады, деректерді сараптасақ, 2001 жылы ақпанда Теңіз кенішінде жер сілкінісі тіркелген болатын. Сол кездің өзінде Ұлттық ғылым академиясының академигі болған Мұфтах Диаров мұндай оқиға қайталануы әбден мүмкін екенін айтып, дабыл қаққан еді. Бүгінде марқұм болған ғалым техногендік сипаттағы жер сілкінуі республиканың батыс өңіріне, соның ішінде Атырауға да тән екенін айтқан-ды. Ғалымның пайымдауынша, алынған мұнайдан босаған орынға су немесе газдың айдалмауы – жер қойнауының статикалық күйінің бұзылуына әкелуі әбден мүмкін. Академик Мұфтах Диаров Теңіз кеніші екі тектоникалық жарылған жердің дәл үстінде орналасқанын айтқан-ды. Осы деректің өзі-ақ бұл кен орнында қауіп деңгейінің қаншалықты зор екенін көрсетеді.

Сала мамандары жақсы біледі, егер өнім алынған жерді қайта толтырмаса, онда әлгі орын опырылып құлауға бейім болады. Сондықтан кеніштерде міндетті түрде су ұңғымалары бірге қазылады. Олар, біріншіден, қабат қысымын қалпына келтіріп, мұнай мен газдың жоғары шығуына септігін тигізеді. Сөйтіп, өнім көлемі сақталады. Екіншіден, мұнай алынған соң босап қалған кеңістік толтырылады. Бұл амалдар жер қыртысын 100 пайыз табиғи күйіне келтіре алмайды. Бірақ жердің төмен шөгуіне азды-көпті қарсы әсер етеді.

Кейінгі деректерді қарап отырсақ, Теңіз кенішінде жер сілкінуі қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай көрінеді. Мәселен, жер астындағы дүмпу Теңізде 2020 жылдың желтоқсанында тіркелді. Әрі қарай сабақтасақ, 2016 жылы 8 мамырға қараған түні Теңіз кен орнында тіркелген жер сілкінісі 4 балға жуықтады. Осындай дерек 2014 жылғы 24 мамырға қараған түні де тіркелген болатын. Магнитудасы 3,6 балл болатын жер сілкінісі туралы ресми ақпарат оқиғадан кейін төртінші күні ғана берілген еді.

2001 жылы әзірленген сейсмикалық аудандастыру картасына сәйкес, Атырау облысы Рихтер шкаласы бойынша 6 балға дейін жер сілкінісі болуы мүмкін жер қыртысының учаскелеріне жатқызылған.

Сарапшылардың пайымдауынша, мұнай мен газды қарқынды өндіру процесі апат тудыруы әбден мүмкін. Әсіресе, Қашаған, Қайран, Ақтоты кен орындары резервуарларда бос орындар мен шөгінділер пайда болатын тектоникалық қауіпті учаске ретінде танылып отыр.

Атыраулық эколог ғалым Нұргүл Имамұратова техногендік сипаттағы жер сілкінісі мұнай алу, бұрғылау салдарынан болуы мүмкін екенін растап отыр.

«Атырау – мұнайлы аймақ. Мұнай алу кезінде бұрғылау жұмыстары белгіленген мөлшерден асып кететін болса және алынған мұнайдың орны сумен толтырылмаса, жер сілкінісі болуы мүмкін. Ұлттық ғылым академиясының Сейсмология институты деректері бойынша, Каспий теңізінің акваториясын қоса алғанда, Атырау облысының аумағы магнитудасы 6 балл болатын жер сілкіністерінің ықтимал көріністері бар жер қыртысының учаскелеріне жатқызылып отыр. Сондықтан Атыраумен бірге, Маңғыстау өңірінде де геодинамикалық тексеріс жүргізілуі керек», – дейді эколог ғалым.

Өткен жылдың аяғында Атырау – Маңғыстау шекарасында 4,9 балдық жер сілкінісі тіркелді. Жер астындағы дүмпу туралы мәлімет Volcanodiscovery сайтында пайда болды.

Қалай десек те, табиғи апат айтып келмейді. Демек, жағдайды жіті қадағалап, барлық мәліметті қолда ұстау үшін жақсы жабдықталған сейсмикалық кешенді қондырғы қажет. Бұдан біраз жыл бұрын көршілес Батыс Қазақстан облысында техногендік жарықшақ пайда болып, жер сілкінісі қаупі сезілген соң тұтас ауылды көшіруге тура келгені де сабақ болуға тиіс.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

«Рауан Медиа Групп» АҚ (БСН 031040003120), Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 18 маусымда № 16619-1901-АҚ болып тіркелген, 2005 жылғы 5 наурызда берілген № А5236 С сериясы № 0001825 Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік түпнұсқасының жоғалғаны туралы хабарлайды, осы хабарландыру жарияланған кезден бастап бұл куәлік жарамсыз деп танылсын.

ҮРЕЙДІ СЕЙІЛТІП, ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Жаһандану заманында цифрлы технологиясы дамыған қауқарлы ел екенімізді дәлелдеп жүрген мектеп оқушыларының қатары көбейіп келеді. Бүгін семейлік оқушылардың тұрмыстық қалдықтан жасаған аспабы туралы әңгімелемекпіз. Бұл аспап-сейсмограф жаңадан бой көтеріп жатқан ғимараттардың сапасын анықтап, түрлі қауіптің алдын алуға көмектеседі.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның оқушылары құралды мектепте еденге, қабырғаға орнатып, әсерін байқау үшін пайдаланып көрген. Тәжірибе нәтижесінде секіру кезіндегі қозғалыстың еденге қалай әсер ететінін байқаған.

– Ғимараттардың, техниканың еден мен қабырғаға тигізетін сейсмикалық әсерін қарастыру үшін осындай аспап жасап көрмек болдық, – деді физика пәнінің мұғалімі Алуа Бимбетова. Оның айтуынша, сейсмографтың механикалық түрін осыдан үш жыл бұрын Нұржамал Дәлеловамен бірге жасаған. Ал қазір аталған аспапқа бірқатар өзгеріс енгізіп, жұмыс істеу тиімділігін тағы да жақсартыпты.

– Жаңадан салынып жатқан ғимараттардың кейбірі белгіленген стандарттарға сай келмейді. Байқағаным, тербеліс амплитудаларының қабырғаларға әсер етуінен плиталар босап жатады. Содан кейін үйдің сапасын анықтай алатын немесе анықтауға көмектесетін құрылғы қарастыру керек деген ойға тоқталдым. Осыдан үш жыл бұрын механикалық сейсмографты тұрмыстық қалдықтардан жасаған едік. Механикалық сейсмографтың құрылымы мынадай: сезгіштікті білдіретін датчик жұмыс істейді, тербеліс болғанда датчик қозғалады да, ондағы тербеліс барабандағы өлшем көрсеткіштерімен сызылып жазылады. Сол өлшем арқылы амплитуданың ауытқыған көрсеткішін есептеп аламыз. Құрылғының соңғы нұсқасы мен алғашқысының жұмысын салыстырғанда, екеуінің де көрсеткіштері дәлмедәл келді. Демек, бұл аспапты қолдану арқылы қауіптің алдын алуға болады. Жақындағы Алматы облысындағы жойқын сілкіністен тұрғындардың әлі де қорқынышы сейілер емес. Сейсмографты қолдану осындай қауіпті кездерде ғимараттардың қирауының алдын алар еді, – деді А. Бимбетова.

Ауыр зардаптардың алдын алуға көмектесетін құрылғыны жасаған Нұржамал Дәлелова Ө. Жолдасбеков атындағы математикадан зерттеу жұмыстары халықаралық конкурсынан III орынды иеленген екен. Ал қазір осы құрылғыны әрі қарай жетілдіру ісімен Айжан мен Шұғыла есімді оқушылар айналысып жүр.

Табиғи апаттардың алдын алуға болмаса да, оған дайындықты жақсарту – өз қолымызда. Тұрғындардың қауіпсіздігін болжай алатын, ғимараттың сапасын анықтайтын сейсмографтың қандай тұрмыстық қалдықтардан жасалғанын білу үшін жас өнертапқыштардың өзімен де сөйлестік. 9-сынып оқушысы Айжан Жұмабек біз байқай бермейтін күнделікті өмірде қолданатын тұрмыстық техникалардың да үй қабырғаларының қирауына әсер ететінін айтты.

– Біз қолданып жүрген кір жуғыш машинасы қосылған кезде еден мен қабырғаға әжептәуір соққы береді. Әсерінен күннен-күнге қабырға мен едендер босай береді. Сейсмографты мұндай жағдайға жеткізбес үшін қолдануға болады. Тербелістердің қазіргі салынып жатқан үйлерге әсері өте көп. Олардың адам өміріне қауіпті не қауіпсіз екенін ешкім білмейді. Оны осы сейсмограф зерттей алады. Бұл құрылғының барлық бөлігі тұрмыстық қалдықтардан жасалған. Оны күнделікті өмірде көреміз, қолданамыз. Соның бірі – автокөлік шеберханасындағы серіппе, қағаз таспа, қағаз таспасын жылжытқанда минималды үйкеліс тудыратын лайнер, барабанды орнату және қозғалтқышқа арналған қуат көзі. Қазір сейсмографтардың түр-түрі бар. Бірақ біз жасаған аспап құны жағынан қолжетімді, сапасы да өте жақсы және жеңіл. Бұл – аспаптың артықшылығы. Иә, аталған құрылғы бұрын жасалған, біз оны жақсартуға үлес қостық, қосудан да жалықпаймыз. Болашақта «Ардуино» бағдарламасын да қоскымыз келеді. Бұл бағдарлама арқылы салынып жатқан ғимараттың ішіне сейсмографты қойып, оны өзіміз қашықтықтан отырып бақылай алатынымыздай мүмкіндік жасағымыз келеді, – деді жас өнертапқыш Айжан.

Сейсмографты құрастыруға арналған қалдықтардың қолжетімділігі оның бірінші артықшылығы болса, екіншісі – бір шикізаттың орнын басқасымен ауыстыра алуда. Бұл туралы Шұғыла Уалхан айтып берді. Ол аспапты күнделікті өмірде кез келген адам пайдалана алатынын айтты.

– Аспапты жасау кезінде автокөлік шеберханасынан тапқан үш серіппені қолдандық, оны резинкамен, ал қозғалтқышқа арналған қуат көзінің орнына күн сәулесін пайдалануға болады. Құрылғыны әр адам тұрмыстық жағдайда жасай алады деп ойлаймын. Себебі қажеті материалдар барлығына қолжетімді, эксперимент жасағысы келетіндер де оңай жасай алады, – деді Шұғыла өз тәжірибесіне сүйеніп.

Сейсмографты сейсмикалық қауіпті аймақтарда, мысалы, таулы жерлерде, ауылдық округтерде, жаңа құрылыстар мен білім алу барысында физика-география бағытындағы оқу мекемелерінде қолдануға болады. Жас өнертапқыштар болашақта ғимараттың қауіпсіздігін қашықтықтан анықтайтын сейсмограф құралды шығаруды жоспарлап отырғанын айтты.

Ғылым жолына енді қадам басып, қоғам игілігі үшін қызмет етіп келе жатқан жас өнертапқыштардың еңбегі әрқашан елене бермек. «Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғалым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады» деген Қаныш Сәтбаевтың парасатты пайымына жаңалық ашуға құмар жастар мысал болып отыр.

БОРАН БЕТ ҚАРАТПАЙ ТҰР

БҚО-да ауа райы құбылып тұр. Кеше кешкісін басталған бұрқасын бүгін таңда әбден күшіне мінді. Үйлердің шатыры ұшып, адамдар далада қалып, төтеншеліктер мен полицияны біраз әбігерге салуда.

Кеше кешкісін БҚО бойынша барлық бағытқа жол жабылды. Себебі екі кештің ортасында алай-дүлей жел тұрып, қар жауып, табиғат-ананың аяқасты мінезі бұзылды да кетті. Сол мінезі әлі де қайтпай тұр, бүгін таңмен облыс бойынша 55 елді мекенде электр жарығы өшті. Осының салдарынан 16 903 үй мен 192 әлеуметтік нысан жарықсыз қалды.

– Бүгінгі ауа райының қолайсыздығы кесірінен үйлердің шатыры ұшып, жарық өшті. Атап айтсақ, Бөрлі,Теректі, Шыңғырлау аудандарында электр желілері үзілді. Қазір қалпына келтіру жұмыстарына 39 апаттық бригада мен 49 арнайы техника жұмылдырылды. Бұдан бөлек, Теректі ауданында бірнеше нысан мен үйдің шатыры ұшып кетті, – деді БҚО әкімдігінің баспасөз қызметі.

Жолдар жабық дегеніне қарамастан жолға шығып кетіп, далада қалған адамдар мен машиналарды құтқару жұмыстары ұйымдастырылуда. БҚО Төтенше жағдайлар департаментінің берген мәліметі бойынша, Самара – Шымкент, Атырау – Орал тасжолында 200-дей көлік далада қалған. Оларға төтеншеліктер мен полиция көмек қолын созып жатыр. Сол екі үлкен трассадағы көліктерді діттеген жеріне аман жеткізу үшін Полиция департаментінен 8 патруль жіберілген. Төтенше жағдайлар департаментінің 14 қызметкері мен 7 техникасы жұмылдырылған.

Облыстағы ауа райының қолайсыздығына байланысты Төтенше жағдайлар департаментінде жедел штаб жұмысы іске қосылды. Олардың қатарында полиция қызметкерлері мен «Қазгидромет» мекемесінің өкілдері бар.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

ТЫҢ БАСТАМАЛАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Бүгінде әлемде бірқатар мемлекет цифрландыру саясатына көшіп, техниканың мүмкіндіктерін оңтайлы қолданудың тың әдістерін қарастырып келеді. Осы ретте, еліміздің де жаңа технология мүмкіндіктерін пайдалануда қанатын кеңге жайып, өркениетке құлаш сермеуі – заңдылық. Осынау ұмтылыс пен одан шығар нәтиженің көрініс табатын алаңы – Digital Almaty халықаралық IT форумы. Биыл алтыншы мәрте өткен форум «Industry X: Болашақтың цифрлық эволюциясы» тақырыбына арналды.

ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ДАМЫТУДА 8-ОРЫНДАМЫЗ

Қазір еліміз нарықта өзін GovTech саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі ретінде көрсетіп келеді. Тұрақты өсу – өмір сүру деңгейінің жоғарылауына және кедейліктің төмендеуіне айтарлықтай ықпал етті. Цифрлық даму министрінің дерегінше, елімізде орташа жылдық өсу қарқыны 5 пайызды құрап отыр. Қазақстан онлайн қызметтерді дамытуда әлем бойынша 8-орынға тұрақтаған. Былтырғы жылдың қорытындысына назар аударсақ, онлайн режимде 50 млн қызмет көрсетілсе, қызметтің 92 пайызын азаматтар үйден шықпай-ақ қолдана алады. Бағдат Мусиннің айтуынша, қазір елімізде электронды Үкіметтің мықты экожүйесі қалыптасқан. Бұл ретте, мемлекеттік порталдармен қатар банк қосымшалары енген. Онымен қоса, кейінгі уақытта өзге де қызмет түрлері мен жаңа стартап қосыла бастапты. Бүгінде еліміздегі өнеркәсіп секторын цифрландыруда маңызды тетіктер іс жүзінде жүзеге асырылып отыр. Соның бірі – геологиялық ақпарат цифрланған Minerals.gov.kz платформасының құрылуы.

– Бұрын геологиялық ақпарат кеңес дәуірінің архивтерінде сақталған еді. Енді мұның бәрі сканерленіп жатыр. Қазірдің өзінде 30 мың есепті сканерлеп, геокординаттарға байлап, порталға қолжетімді етіп шығардық. Жер қойнауына қызығушылық танытатын компания енді тиісті құрылымдарға барып жүруге міндетті емес. Бар болғаны Minerals.gov.kz порталына тіркеліп, өзіне қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік қарастырылған. Сондай-ақ онда лицензия алуға, жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін өтінім беруге, есептерді және өзге де ақпаратты тапсыруға болады, – деді министр Б.Мусин.

СТАРТАПТАР САЙЫСЫ

Іс-шараның соңғы күні Digital Almaty-2024 алаңында ауқымды Industry 4.0 Startup Battle додасы мәресіне жетті. Өнеркәсіпті цифрландыру саласы бойынша келіп түскен 200 өтінімнің арасынан 30 стартап финалға жолдама алған еді. Өнеркәсіптік стартаптар баттл серіктестер ұсынған жүлделер үшін бақ сынасты. Industry 4.0 Startup Battle додасының жалпы жүлде қоры $180 000 құрайды. Жарыс нәтижесі бойынша үздік атанған жеңімпаздардың арасында KazagroTech, NeuronOil, Aspans, Wes, Dereknet өнеркәсіптік стартап иелері бар. Одан өзге форум аясында оқушылар арасында робототехника және инновациялық техологиялар бойынша Digital Ministry Cup чемпионаты өтті. Аталған жарыс робототехика, STEM бағытын дамытуға бағытталған. Мұнда мектеп оқушыларынан құралған командалар құрастырған роботтар мен олардың жарыс алаңында қалай әрекет ететінін тамашалауға болады. Біз де мүмкіндікті құр жібермей чемпионат өтетін алаңға келіп, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген қатысушылармен тілдескен едік.

Ерасыл Қанағатов – Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 мектеп-гимназиясының оқушысы.

– Жарысқа Семей қаласынан өзіміз құрастырған роботты алып келдік. Бұл роботтың жинағы, қосымша бөлшектері бар. Біз сайыс барысында роботтарды бірбірімен жарыстырамыз. 1 матчта 2 минут 30 секунд беріледі. 30 секундтың ішінде робот автономды режимде жүре отырып, пиксельдері тақтаға қою қажет. Келесі екі минутта дрондар ұшырамыз. Он оқушыдан құралған команданы бұл додаға информатика пәнінің мұғалімі Айдос ағайымыз алып келді, – дейді семейлік қатысушы.

Ал алматылық өнертапқыштар арасында Абай атындағы Республикалық мамандандырылған мектеп-интернаты оқушыларынан құралған Antares командасы да бар. Команда мүшесі Аиша Аманбекқызы сайыс тапсырмалары мен роботтың негізгі атқаруға тиіс міндеттері жөнінде толығырақ баяндап берді.

– Жарыста First Tech Challenge категориясы бойынша бағымызды сынап көрмекпіз. Біз құрастырған робот жарыс талаптары бойынша барлық әрекеттерді орындауға қабілетті. Негізі бұл категория бойынша елімізде оқушылардан құралған көп команда бар. Қазақстан бойынша он команда шақырту алды. Олардың арасында біздің де командамыз бар. Осы маусымда робот міндетті түрде 4 тапсырманы орындауға міндетті. IT мамандар роботқа арнайы бағдарлама жазады, – дейді Айша Аманбекқызы.

ҚЫСЫЛТАЯҢДА «КӨМЕККЕ КЕЛЕТІН» ДРОНДАР

Қайда қарасақ та жаңа технологияның жетістігі саналатын заманауи техникаларға, дрондар мен роботтарға көз түседі. Осындай көріністен-ақ цифрлық форумның тап қазіргі кезең үшін ғана емес, болашақтағы маңызын ұғынуға әбден болады. Робототехникалар жарысы өтіп жатқан алаңнан Kaz Rockets зымыран құру және авиамодельдеу бойынша қор өкілі Мирас Нүсіповті кездестірдік. Ол алаңға қойылған дрондардың маңызы мен қоғамға қосар үлесі турасында әңгімелеп берді. Келушілердің назарына ұсынылған дрондардың басты артықшылығы – қауіпті жағдай болған кезде шұғыл түрде адамдардың қайда екенін көрсете алады. Нақтырақ айтқанда, дронның негізгі функциясы – іздеу.

– Биыл индустрия тақырыбына байланысты жобалар ұсынылды. Бұл дрондар арқылы біз төтенше жағдайда қызмет ететін компанияларда жұмыс істей аламыз. Дрон 180 шақырым/сағат жылдамдықпен ұшады. Мәселен, кенеттен жер сілкінісі, өрт болған жағдайда дрондардың көмегі маңызды. Ең алдымен өрт сөндірушілер дронды қалай қолдану қажет екенін үйренуге тиіс. Егер шахтада апат болған жағдайда құтқарушылар онда кіре алмауы мүмкін. Ал дронның көлемі кіші. Сондықтан ол қауіпті әрі кіруге қиындық тудыратын жерлерге оңай кіре алады. Алдағы уақытта біз дрондарды агрокомпанияларға ұсынамыз, – дейді Мирас Нүсіпов.

Үш күнге созылған халықаралық форумда Қорғаныс, Денсаулық сақтау, Ғылым және жоғары білім, сондай-ақ Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрлері мемлекеттік сектордағы қызметтерді автоматтандыру жетістіктерімен бөлісті. Цифрландырудың арқасында қазір халық үйден шықпай-ақ ЖОО-ға құжат тапсыру, білім алу себебінен армияны кейінге қалдыру, жұмысқа орналасу, емханаға алдын ала жазылу, жылжымайтын мүлікті тіркеу, сондай-ақ цифрлық ипотека рәсімдей алады. Ауқымды форумға 300-ге жуық спикер қатысса, оның 70-і – шетелдік сарапшылар. Бұл – форумның Еуразия кеңістігінде экономикалық әрі әлеуметтік әлеуетінің артып келе жатқандығының бірден-бір көрінісі.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫ АҚСАП ЖАТЫР

Тұрғындарының басым бөлігі ауылдық жерде тұратын Жетісу облысы экономикасының басты тірегі, тұрғылықты халықтың арқасүйер саласының бірі әрі бірегейі – мал шаруашылығы екені айдан анық. Тірлігінің бір тінін төрт түлікке байлап отыратын жұрттың айтуынша, облыста ветеринария қызметі өте нашар.

Жетісу облыстық прокуратурасының баспасөз қызметі хабарлағандай, өңірде өз міндеттеріне салдыр-салақ қарап, жауапсыздыққа , сол арқылы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретіндей жағдайдың қалыптасуына жол берген 100 лауазымды тұлға ветеринария саласындағы бұзушылықтары үшін жауапқа тартылыпты.

– Ветеринария қызметіндегі лауазымды тұлғалар жануарларды вакцинациялау барысында 33 мың бұзушылыққа жол берген. Жеке және заңды тұлғалардың әкімшілік жауапкершіліктен жалтаруына қатысты 526 дерек тіркелді. Облыс аумағында күйдіргінің (сібір жарасы) қараусыз, бақылаусыз қалған 33 ошағы анықталды. Осы күнге дейін оларды оқшауландыру және талапқа сай жағдайға келтіру бойынша ешқандай шаралар қабылданбаған. Бұл салада дипломды сатып алған мамандар да анықталды. Нақтырақ айтқанда, ветеринария мекемелерінде жауапты қызмет атқарып жүргендердің төртеуінің жоғары білім туралы дипломы жалған болып шықты. Тағы 124 қызметкердің білімі мен тәжірибесі атқарып отырған лауазымдарына сәйкес емес. Жүзден асам лауазымды тұлға тәріптік жауапкершілікке тартылды. Олардың ішіндегі аймақтық инспекцияның үш жетекшісі мемлекеттік қызметке көлеңке түсіретін әрекеттері үшін жауапкершілікке шақырылды. Мемлекеттік кіріске 3 миллион теңге өндірілді, – дейді облыстық прокуратурадағылар.

Еркебулан ДУЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Облыс орталығы Талдықорған қаласы тұрғындары тарапынан ветеринарларға қатысты арыз-шағым тым көбейіп кеткен. Олар қараусыз иттердің қаптап кеткенінен әбден зәрезап болған. Балалар көшеге шығудан, аулаға барып ойнаудан қалған. Қаланың адамдары жаппай арызданып жатқанда, күнделікті тірліктері, күнкөрістері үй жануарларымен тығыз байланыста болатын, шынын айтқанда, солармен бірге тұрып, бірге жүретін ауыл тұрғындарының жағдайын көзге елестетудің өзі қиын. Билік жағдайдан жақсы хабардар екендіктерін айтып, жақын күндері барлығын реттейміз деп кезекті уәдемен құтылуды әдетке айналдырған.

– Талдықорғанда биылғы 31 желтоқсанға дейін қаңғыбас иттерді аулау жөніндегі мәселе түбегейлі шешіледі. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңға сәйкес, Жетісу облысында 2023 жыл алғаш рет жануарларға қайырымдылықпен қарау (аулау – стерилизациялау – босату) жүйесі енгізілген. Осы бағдарлама бойынша жануарларды ұстағаннан кейін піштіріп, егіп, бұрынғы жүрген жеріне қайтадан босатып қоя беріп келді. Бірақ мәселе осымен шешімін табады деуге болмайды. Өйткені стерилизацияланған, егілген иттер қайтадан үйірлерге топтасып, қатарларын көбейтіп, айнала ортасына қауіп төндіруді одан әрі жалғастырады. Бұрындары қаңғыбас иттерді ататын. Сол арқылы олардың санын азайтып, үйірлесулеріне жол берілмейтін еді, қазір заң басқа, – деп ұзын арқан, кең тұсауға салады қалалық әкімдіктегі жауапты тұлғалар.

Жыл соңына дейін әлі он бір ай бар. Оған дейін заң тағы да өзгеруі мүмкін. Болмаса ашынған тұрғындар қолдарына қару алып, иесіз итерге қарсы майдан ашуы әбден мүмкін.

Облыстық Ветеринария басқармасының хабарлауынша, бюджеттен салаға 742 миллион теңге бөлініпті. Қазынадан қарастырылған қомақты қаражатқа облыс аумағында иесіз жануарларға арналған бірнеше панахана салынбақ. Бірақ қашан, қай жерде тұрғызылатыны әлі нақтыланбапты. Осылайша, адамдар өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, қараусыз жатқан күйдіргі ошақтарын реттеудің жөнін таба алмай отырғандар, қаңғыбас иттердің қамы үшін миллиондарға панаханалар тұрғызбақ. Бұл тұрғындар тарапынан орынды түсінбестік тудырып отыр. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай, адамдардың денінің саулығы ішетін тамағына көп байланысты. Ет жеп, сүт ішуден басқалардың алдынан көрінетін жергілікті жұрттың амансаулығын ойлағандар бірінші кезекті малдың денсаулығы дұрыс болуын қолға алғаны жөн болар еді.

Үкімет пен облыстық әкімдік құр қарап отыр деуден аулақпыз. Осыдан біраз бұрын Үкіметтің ресми сайтында Жетісу облысында «Еттің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы» атты қанатқақты цифрлық жоба енгізілетіні туралы ақпарат пайда болған еді. Онда айтылғандай, аталған жоба ауылшаруашылығы жануарлары монитрингін барынша жетілдіруге тиісті. Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин атап өткендей, жаңа жоба цифрландырылған жануарларды сәйкестендіруге мүмкіндік беріп, жануарлардың толық тірлік кезеңі туралы ақпараттар орналастырылған QR-кодты қалыптастырады және қасапханаларда сараптама актілері бар анықтамалар беруді ретке келтіреді. Астанада отырып, ауылшаруашылығы жануарларының жағдайын ойластырға «ақылдылардың» айтуынша, QR-код ет сататын орындарға орналыстырылады және жануарларды ветеринарлық тексерусіз союға және ұшасы мен мүшелерін сараптамасыз сатуға тосқауыл қояды.

– Еліміздің аумағында мал соятын 904 нысан бар. Олардың 109-ы етті өңдейтін кәсіпорын болса, 281 сою бекеті мен 514 сою алаңы жұмыс істейді. Ветеринарлық талаптарға сәйкес келмейтін 106 қасапхана жабылып, былтыр жыл барысында 661 сою алаңының тіркеу нөмірі кері қайтарылды. Барлық ірі ауылдық округтерде ветеринарлық-сараптамалық зертханасы бар қасапханалар ашу керек. Сою алаңдары өтпелі кезеңдегі қажеттілікті өтеу мақсатында ашылған болатын. Қазіргі кезде заңнамаға өзгертулер енгізуді ойластырып жатырмыз. Өзгерістер енгізілгеннен кейін сою алаңдарының жұмысы мүлде тоқтатылады, – деп тұжырымдайды ауылшаруашылығы вице-министрі Аманғалы Бердалин.

Жаңалыққа қатысты ойын білмек ниетпен осы саланың білгірі ауылшаруашылығы бойынша сарапшы Алмасбек Садырбаевқа хабарласқан едік.

– Цифрландыру дұрыс болуы үшін малды сәйкестендірудің дәл қазіргі кездегі сұраныс пен талапқа сай базасы болуы қажет. Өкінішке қарай, қолданыстағы жануарларды сәйкестендіру базасы қазіргі кезеңге мүлде сай емес. Сондықтан барлық ауылшаруашылығы жануарларының нақты базасы жоқ кезде цифрландыру тиімді болады дей қою қиын. Жалпы, цифрландыру арқылы аталған саладағы бар мәселені шешіп тастау мүмкін емес. Бірінші кезеке нақты база жасап, ветеринарияны толықтай реформалау керек. Мемлекет басшысы бұған дейін де ветеринарияны қайта құру туралы айтқанымен, бұл бағыттағы жұмыстар жалақыны көтерумен шектелді. Іс жүзіндегі реформалау – мемлекетті қоса алғанда, тұрғындар мен ветеринарлар тарапынан аталған салаға деген көзқарастар саясатын толықтай қайта құру. Қазіргі уақытта бізде барлық мәселенің шешімін «цифрландыру» деген сұлу сөздің тасасына тығып қояды. Бұл қанатқақты жоба да қоғамда кеңінен талқыланбады, фермерлердің пікірлері ескерілмеді. Жоғарыдан шешілді. Сондықтан өз басым қолдамаймын, – дейді сарапшы.

Әзірге жаңа жоба Жетісу, Алматы және Павлодар облыстарында қолға алынбақ. Сонымен бірге шекаралық өткізу бекеттерінде қолданылады. Келген жүктер туралы мәліметтер ақпараттық жүйеге енгізіліп, сынамалар алу және тексеру актілерінің электронды форматы қалыптастырлады да мемлекеттік ветинспектор мен ветеринариялық зертхананың қызметкеріне жөнелтіледі.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Әрбір оқушының үйлесімді дамуы үшін тұлғаның, көшбасшының үлгісі болу өте маңызды. Бұл адам сіздің дәуіріңіздің замандасы болса, ерекше құнды. Мектебіміз есімін мақтанышпен айтатын бір ғажап тұлға туралы айтқым келеді. Білім ордамызға Абыхан Жексембеков есімінің берілуі заңдылық деп ойлаймын.

ӨЛМЕЙТҰҒЫН АРТЫНДА ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

Уақыт көрсетіп отырғандай, Жексембековтің көп идеясы мен ісі өз заманынан озық болды. Оның мал дәрігері мамандығын таңдауының себебі туған жерінде еңбек етіп, ауылдастарына пайдасын тигізсем деген ниетімен айқындалды. 1963 жылы институтты үздік бітіріп, өз елінде кәсіби маман атануы – соның дәлелі. Абыхан Жексембековті совхоздың шалғайдағы көшпелі мал шаруашылығына жібереді. Әр жерде ол жақсы нәтижелерге жетеді. Жас маман ретінде оның ұйымдастырушылық қабілеті дәл осы жерде көрінеді.

1972 жылы туған ауылына, Ленин атындағы колхозға оралып, бар күш-қуатын, іскерлігін, жұмыс қабілеттілігін осы ауылдың өсіп-өрлеуіне арнады. Колхоздың даму тарихы адамдардың еңбек жетістіктерімен, өз күштері мен мүмкіндіктеріне деген сенімімен, жақсы заманға деген үмітімен тікелей байланысты. Ал бұл жерде Абыхан Жексембековтің жаңа идеяларды ұйымдастырушы және насихаттаушы ретіндегі рөлі өте маңызды. Өйткені күнделікті болып көрінетін еңбек ерліктері, қазіргі атаулар осыған байланысты болды. Шындығында, егін өнімділігін, сүтті, мал басын т.б. арттырудағы еңбектері ең жоғары қажыр-қайратты қажет етті. Әрине, бұл мемлекет назарынан тыс қалмады. Абыхан Жексембеков 1972 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Кеңес Одағы жылдарындағы бұл сыйлықтың мақсатын, Одақтың тарихын зерделеу – қазіргі жас ұрпаққа сабақ емес пе?

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары қиындықтарға төтеп беретін, колхозды басқаратын мықты басшы, ұйымдастырушы керек еді. Жеке ауылшаруашылық құрылымдарын ұйымдастыру, сонымен бірге соғыс және еңбек ардагерлерін, халықтың аз қамтылған және әлеуметтік қорғалмаған топтарын ұмытпау идеясын Абыхан Жексембеков шешті. Экономикалық қиын жағдайды ескере отырып, Германия мен Ресейге жаппай кетіп жатқан жұмысшыларды жоғалтпау, инвесторлар тарту үшін шешуші шаралар қабылдау қажет болды. Бұл уақыт қабатын әлі де жас ұрпақ зерделеуді қажет етеді. Бірақ Жексембеков өзінің пікірлестерімен бірге бүгінде ілгері басқан тұңғыш тұқым шаруашылығын құрды.

90-жылдары тәуелсіз мемлекетіміз үшін уақыттың жаңа есебі басталып, Абыхан Жексембеков сынды тұлғалар тәуелсіздіктің қалыптасуына жүргізуші ғана емес, қатысушысы да болды. Жаңа мемлекеттің қалыптасуы барлық салада кадрлардың болуын біліреді. Ал мектеп оқушыларын ана тілінде оқыту мәселесі, әсіресе, тарихта бұрын-соңды ұлттық мектеп болмағандықтан Түрген ауылында осы сұрақ өзекті мәселеге айналды. Абыхан Жексембеков ауыл әкімшілігінің басшысы бола тұрып, бұл мәселемен тығыз жұмыс істей бастады. Тағы да мемлекеттік мекемелерді аралап, 1994 жылы ауыл тарихында тұңғыш рет қазақ мектебі ашылды.

Ол кезде материалдық базасы болмағандықтан оны мектеп деп айтуға да қиын болатын. Әкім Абыхан Жексембековтің табандылығы мен ұстаздардың сенімі ғана ғажайыпты жасай алды. 1995 жылы алғашқы түлектері мектепті бітіріп шықты. Мұны тек ұстаздар ғана емес, мектептің алғашқы түлектері де есте сақтайды деп сеніммен айта аламын. Абыхан Жексембековке берілген «Білім беру ісінің үздігі» атағы соның айғағы.

Жыл сайын 1 ақпанда оқушылар мен ұстаздар қауымы Абыхан Жексембековтің өмірбаянын зерделеп, оқу жетістіктері мен атқарылған игі істерді қорытындылап, жаңа бастамаларды жоспарлайды. Демек, осы мектеп арқылы Абыхан Жексембековтің ізі жалғасуда.

Рысгүл ШАЛҒЫМБАЕВА,
А.Жексембеков атындағы орта мектеп директорының орынбасары Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы

Бұл апта біз күтпеген ірі ауыс-түйіспен басталды. Дүйсенбі күні Қазақстан бокс федерациясына жаңа басшы келді. 33 жастағы Шахмұрат Мүтәліп осы ұйымды төрт жыл басқарған Кеңес Рақышевты алмастырды. Олимпиадаға аз қалғанда мұндай қадамды күтпегеніміз анық. Бірақ соңғы кезде басынан бұлт арылмаған отандық бокста әйтеуір бір өзгерістің болары анық еді. AIQYN тілшісі еліміздегі ең танымал спорт түрінің басы-қасында болған жағдайды бағамдап көрді.

БОКСТЫҢ БАСЫНАН БҰЛТ АРЫЛА МА?

Қазақстан бокс федерациясының президенті қызметіне Шахмұрат Мүтәліп келді. Дерек-көздерге сүйенсек, жаңа басшының өзі де кезінде бокспен шұғылданған. 33 жастағы маман Малайзияда білім алып, бүгінге дейін бизнес саласында қызмет етіп келді. Ал жасөспірім шағында былғары қолғабын біржола шешкен ол араға жылдар салып, шаршы алаңға қайта оралып отыр. Енді ол спортшы емес, осы саланың функционері ретінде жұмыс істеп көрмек.

Кәсіби боксшы Жанқош Тұраровтың айтуынша, Мүтәліп те мәрттігімен танымал екен. Ол жуан жұдырықты жігіттерге әрдайым қолдау көрсетіп келіпті. Тек мұнысын көпшілікке жария қылмаған.

«Шахмұрат – бокс десе ішкен асын жерге қоятын, әрбір қазақ боксшысы үшін шынайы жанкүйер болатын жан. Оның талай спортшыға дем беріп, қолдау көрсетпеген ешкім біле бермейді. Менің спорттағы даңғылымда да Шахмұрат досымның демеуі көп болды», – деп жазды боксшы әлеуметтік желідегі ресми парағында.

Қазақ жанкүйері үшін нөмірі бірінші спорт түрі саналатын бокстағы мұндай өзгеріс не үшін қажет болды? Біздің болжам бұл ауыс-түйістің артында Токио Олимпиадасы мен Азия ойындарындағы сәтсіздіктің тұрғанына саяды. Осы аралықта әлем чемпионаттарынан жеңіп алған алты алтын да ақшалы һәм тәжірибелі Рақышевты құтқарған жоқ. Неге?

Біріншіден, соңғы кездері қазақ боксына сын жиі айтыла бастады. Оған себеп те жоқ емес. Тәуелсіздік алғалы бері Олимпиададан алтынсыз қайтпайтын боксшылар Токио төрінде екі қоланы қанағат тұтты. Атлантадан кейін биігінен түспеген қазақ боксының нағыз құлдырған шағы осы болатын. 2020 жылғы жазғы ойындар біздің боксшылардың дәрменсіздігін көрсеткен алғашқы ірі жарыс ретінде тарихта қалды.

Екіншіден, әлем чемпионаттарында жеңіп алған алты алтын медальді (Белград, 2021 – 2 алтын, Теміртас Жүсіпов пен Сәкен Бибосынов; Ташкент, 2023 – 4 алтын, Санжар Тәшкенбай, Махмуд Сабырхан, Асланбек Шымбергенов, Нұрбек Оралбай) ХОК мойындайтын бәсекелерде қорғау мүмкін болмады. Естеріңізде болса, Халықаралық Олимпиада комитеті Халықаралық бокс қауымдастығын (IBA) мәртебесінен айырып, аталған ұйым өткізетін турнирлерді мойындамайтынын мәлімдеген. Қазақстан IBA-ға балама ұйым ресми түрде құрылмағандықтан, ресейлік Умар Кремлев ұйымдастырған екі әлем чемпионатына қатысты. Бірақ мұндағы жетістікті лицензиялық жарыста қайталау тағы да қолымыздан келмеді.

Үшіншіден, Ханчжоудағы Азия ойындарында болған сәтсіздікті еске салайық. Халықаралық Олимпиада комитеті өткізген бокс турнирі төрешілік тұрғысынан көп сұрақ қалдырса да, командадағы бірді-екілі боксшыдан басқасы қарсыласын айқын басымдықпен ұта алмады. Әдетте, Олимпиададан неше алтын аламыз деп бас қатыратын жанкүйерлер енді қанша жолдама бұйырады деп алаңдаулы. Яғни, әлемдік бокс алпауыттарымен бір қатарда тұратын қазақ боксы жүлде түгілі, жолдамаға қуанатындай мүшкіл халге жетті.

Төртіншіден, халықаралық қатынастардың дұрыс жолға қойылмауы себеп. Қазір әлемдік жарыстарда Қазақстан атынан қызмет ететін төреші таппайсыз. Әлемдік ұйымдарда еңбектенетін мамандарымыз да жоқтың қасы. Осының салдарынан тең дәрежеде өткен жекпе-жектерде біздің спортшыларды қарсыласқа жығып беретін сәттер көп. Тіпті, жоғарыда демеу болатын тұлғамыздың жоқтығын білетін бапкерлер де күмәнді кездесулерден соң төрешілерге шағым түсіруге құлықсыз. Қанша жерден әділдікті жақтасаң да, халықаралық федерацияларда бір өкілің болғаны біраз мәселені шешетінін мойындау керек.

Сондай-ақ ұлттық құрамадағы ауызбіршіліктің бұзылуы, қыздар командасындағы бітпейтін дау-дамай мен бапкерлердің өкпе-реніші де федерацияның беделіне біраз нұқсан келтірді. Мәселен, Азия ойындарынан соң командадағы кейбір боксшылардың бірлікте болмағанын бас бапкер Мырзағали Айтжановтың өзі айтты. Ал қыздар құрамасында бір дау бітсе, екінші даудың шеті шығарына етіміз үйреніп қалды. Бұған дейін Ангелина Лукас үнемі шу шығарып келсе, енді олардың қатарына Надежда Рябец қосылды. Ел чемпионатын екі рет ұтқан Владислава Кухта есімді талантты боксшының құрамадан орын таппай, Венгрия азаматтығын алғаны да федерация жұмысында біраз олқылықтың барын көрсеткендей.

Әрине, жаңа басшы мұның бәрін Париж Олимпиадасына дейін шешеді деп ойлауға ерте. Қазіргі міндет – боксшылардың бұған дейінгі дайындығына кедергі келтірмей, олардың алаңсыз жаттығуына мүмкіндік жасау.

Шахмұрат Мүтәліптің жұмысына біз Париж Олимпиадасынан кейінгі циклде баға береміз. Бір анығы, оның алдында тұрған міндет көп. Әсіресе, командадағы атмосфераны реттеп, халықаралық қатынастарды жолға қойып, қазақ боксының жеңісті дәстүрін қайта жалғастыру керек-ақ...

Арда КЕМЕЛ

МИХАЙЛ КУКУШКИН ЕКІНШІ АЙНАЛЫМҒА ӨТТІ

Қазақстандық теннисші, әлемнің 247-ракеткасы Михаил Кукушкин Ноттингем (Ұлыбритания) челленджер турнирінің екінші айналымына өтті.

Кукушкин қазір кәсіпқой теннисшілер қауымдастығының (ATP) рейтингінде 247-ші орында тұр. Lexus NOTTINGHAM CHALLENGER ивентінің жекелей сынын ол сейсенбі күні кешке әлемнің 337-ші ракеткасы британдық Чарльз Бруммен жекпе-жектен бастады. Бұл қарсыластар бұрынсоңды кездескен емес, олардың мансаптағы алғашқы кездесуі 1 сағат 50 минутқа созылды, тартысты бәсеке барысында Кукушкин 5 эйспен бірге 6 брейк-пойнттың біреуін ғана пайдаланды. Ұлыбританиялық спортшы 9 эйспен көзге түсті.

Кукушкиннің келесі қарсыласы сәрсенбі күні Астана уақыты бойынша түскі уақыттан кейін анықталады. Бұл жекпе-жектің фавориті – қазіргі әлемдік рейтингте 194-ші орында тұрған бельгиялық теннисші. Оның Ұлыбританиядағы қарсыласы қазіргі уақытта әлемнің 408-ші ракеткасы болып табылады, сондықтан бейсенбіде екінші айналымда Кукушкин Де Лурмен ойнауы мүмкін.

Қазақстандық теннисші Михаил Кукушкин екінші айналымға өткен Ұлыбританиядағы Челленджер сериясының жүлде қоры шамамен 75 мың еуроны құрайды.

АҚМОЛДА САЙРАМКЕЗ КҮМІС ЖҮЛДЕ ИЕЛЕНДІ

Ташкентте өтіп жатқан ауыр атлетикадан Азия чемпионатында қазақстандық спортшы Ақмолда Сайрамкез күміс жүлде иеленді.

Ақмолда Сайрамкез 67 келіге дейінгі салмақта сынға түсті. Ол жұлқа көтеруде – 126 келі, серпе көтеруде 166 келіні еңсеріп, қос жаттығудың қорытындысында 292 келі көрсеткішпен 2-орын иеленді. Алтын медальді Солтүстік Корея өкілі Ри Вон Джи (137+180 келі) қанжығаласа, қола жүлдені таиландтық спортшы Терават Ратфет (128+158 келі) жеңіп алды. Осылайша, Азия чемпионатында Қазақстан қоржынына алғашқы жүлде түсті. 10 ақпанға дейін жалғасатын құрлықтық біріншілікте Париж Олимпиадасына қатысуға мүмкіндік беретін рейтингтік ұпайлар үлестіріледі.

Айта кетейік, Ташкенттегі Азия чемпионатында Париж Олимпиадасына қатысуға мүмкіндік беретін рейтингтік ұпайлар сарапқа салынады. Жарысқа 34 елден 192 атлет қатысып жатыр. Азия чемпионатында ауыр атлетикадан ел намысын жеті спортшы қорғады. Ерлер арасында Ақмолда Сайрамкез (67 келі), Әлібек Рақымберді (73 кг), Александр Уваров (81 келі), Сергей Петрович (96 келі) және Кирилл Староверкин (96 келі), ал әйелдер арасында Айнұр Әбдіхалықова (49 келі) мен Арай Нұрлыбекова (81 келі) жарысқа аттанған еді. Өзбекстанда ауыр атлетикадан Азия чемпионаты ерлер арасында 52, әйелдер арасында 33-рет өтіп отыр. Осыған дейін аталмыш жарыс Ташкентте 2016 және 2021 жылдары болды.

БАНГКОКТАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Бангкокта өткен оқушылар арасындағы су спорты түрлерінен Азия чемпионатының жүлдегерлері елге оралды. Азия аймағының барлық елдерінің спортшылары бақ сынаған чемпионатта жүзуден Қазақстан атынан 22 жас спортшы қатысып, ел намысын қорғады.

Олар 32 алтын, 20 күміс және 10 қола медаль жеңіп алды.

– Ауа райының ыстықтығы балалар үшін қолайсыздық тудырды. Жарыс таңғы 7-де басталып, кешкі 9-да аяқталды. Балалар күніне небәрі 5-6 сағат ұйықтады. Қиындықтарға қарамастан жарыс өте сәтті өтті. Спортшыларымыз жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді, – деді жаттықтырушы Ольга Румынская.

– Алғашында қатты алаңдадық, себебі бұл біздің командамыз үшін алғашқы халықаралық жарыс болды. Бірақ бәрі сәтті өтті. Қазақстан атынан қатысып, елімізді танытқанымызға қуанышымыз шексіз, – дейді жүлдегер Райымбек Даубаев.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4409
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Нұрлан ҚОСАЙ